

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Кіші топ

Зерттелген күні: 04.09.2023ж

Баланың аты-жөні: Асан Әлинұр

Жасы: 2жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
<i>1. Мінез-құлық ерекшеліктері</i>			
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды		+	
1.2. Болады немесе болмайды дегенді түсінеді. Ойыншықтарын сұрағанда оларды іздейді.		+	
<i>2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері</i>			
2.1. Сенсорлық дамуы Заттардың екі формасын айыра алады.		+	
2.2. Көршісіне еліктейді		+	
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді	+		
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды	+		
2.5. Ойнағанда заттардың дыбыстарын қайталайды.			+
2.6. Қозғалуы Ұзақ жүреді, дене қалпын жүргенде өзгертеді.		+	
2.7. Орындай алатын ісі Қою тамақты қасықпен өзі жейді.			+
<i>3. Алынған нәтижені қалай бағалайды</i>			
3.1. Әр түрлі формадағы заттардың ішінен көрсеткен және айтылған затты тауып алады.		+	

3.2. Жиі көретін іс-қимылдарды орындай алады.			+
3.3. Абайлап, кедергілерден аттайды.		+	

Қорытынды:

Асан Әлинұр бағалау деңгейі орташа деңгейді көрсетті. Әлинұрдың мінез-құлқы жақсы. Балалармен жақсы қарым-қатынас құрады. Тамақты өзі жей алады. Кедергілерден өте алмайды. Даму деңгейі жасына сай келеді.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Ортаңғы топ

Зерттелген күні: 05.09.2023ж

Баланың аты-жөні: Аманқос Мерей

Жасы: 3жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
<i>1. Мінез-құлық ерекшеліктері</i>			
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды		+	
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды			+
<i>2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері</i>			
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді		+	
2.2. Көршісіне еліктейді		+	
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді		+	
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды	+		
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды		+	
2.6. Жұмысты аяқтап үлгереді немесе аяқталмаған күйінде қалдырады		+	
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: жеңуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді		+	
<i>3. Алынған нәтижені қалай бағалайды</i>			
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады		+	

3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған Істері үшін қамығады			+
3.3. Немқұрайды қарайды		+	

Қорытынды:

Аманқос Мерей бағалау деңгейі орташа деңгейді көрсетті. Мерейдің мінез-құлқы жақсы. Балалармен жақсы қарым-қатынас құрады. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған істері үшін қамығады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Ересек топ

Зерттелген күні: 06.09.2023ж

Баланың аты-жөні: Айбекқызы Айару

Жасы: 4жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
<i>1. Мінез-құлық ерекшеліктері</i>			
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды		+	
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды			+
<i>2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері</i>			
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді		+	
2.2. Көршісіне еліктейді		+	
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді		+	
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды	+		
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды		+	
2.6. Жұмысты аяқтап үлгереді немесе аяқталмаған күйінде қалдырады		+	
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: жеңуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді		+	
<i>3. Алынған нәтижені қалай бағалайды</i>			
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады		+	

3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған Істері үшін қамығады			+
3.3. Немқұрайды қарайды		+	

Қорытынды:

Айбекқызы Айару бағалау деңгейі орташа деңгейді көрсетті. Айарудың мінез-құлқы жақсы. Балалармен жақсы қарым-қатынас құрады. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған істері үшін қамығады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Ересек топ

Зерттелген күні: 07.09.2023ж

Баланың аты-жөні: Асқаров Ислам

Жасы: 4жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
<i>1. Мінез-құлық ерекшеліктері</i>			
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды		+	
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды			+
<i>2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері</i>			
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді		+	
2.2. Көршісіне еліктейді		+	
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді		+	
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды	+		
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды		+	
2.6. Жұмысты аяқтап үлгереді немесе аяқталмаған күйінде қалдырады		+	
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: жеңуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді		+	
<i>3. Алынған нәтижені қалай бағалайды</i>			
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады		+	

3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған Істері үшін қамығады			+
3.3. Немқұрайды қарайды		+	

Қорытынды:

Асқаров Ислам бағалау деңгейі орташа деңгейді көрсетті. Исламның мінез-құлқы жақсы. Балалармен жақсы қарым-қатынас құрады. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған істері үшін қамығады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Анықтама№1

Зерттеуші топ: Ересек топ

Зерттеу уақыты: 25.09.2023

Тақырыбы: «Танысу» ойыны

Мақсаты:

Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынысатын белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

Ойын барысы:

- Алдымен танысайық, біз оны былай жасаймыз: дөңгелене отырып, сағат тілі бойынша, кезек - кезек әр қатысушы өз атын және өзінің нақты сүйікті ісін айтады. Екінші ойыншы өзі туралы айтпас бұрын алғашқы адамның сөзін қайталап айтуы керек. Содан кейін өзі туралы айтады. Ал үшінші адам бірінші, екінші адамның айтқанын қайталап, сонан соң өзі жайында хабарлайды. Ойын осылай жалғаса береді.

Талқылау:

1. Қай ойыншының есімі, сүйікті ісі сенің есінде жақсы сақталады?
2. Несімен жақсы сақталады деп ойлайсың?
3. Қай қатысушыны еске түсіруі қиынға соқты?
4. Не үшін қиын болды деп ойлайсың?
5. Қатысушылардың сені есінде сақтай алмауы қалай әсер етті? Және т.б

Қорытындысы:

Балалар «Танысу» ойының қызыға ойнады. Балалар бір-біріне әдептілік таңытты. Бір-бірімен жақсы қарым қатынаста болды.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Анықтама№2

Зерттеуші топ: Ортаңғы топ

Зерттеу уақыты:26.09.2023

Тақырыбы: «Туған күн» ойыны

Мақсаты:

Топты біріктіру, балалардың мәселелерін эмоционалды елестеру.

Ойын барысы:

Туған күн иесі таңдалады. Барлық балалар оған ыммен, мимикамен сыйлықтар береді. Туған күн иесіне өзі ренжіткендерді есіне түсіру және оны түзеу ұсынылады. Балаларға қиялдап, туған күн иесінің болашағын болжау ұсынылады.

Қорытындысы:

Балалар «Туған күн» ойының қызыға ойнады. Балалар бір-біріне ыммен, мимикамен сыйлықтар береді. Балалардың қиялдары, ойлаулары жақсы дамыған.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Анықтама№3

Зерттеуші топ: Кіші топ
Зерттеу уақыты: 28.09.23ж
Әдістеме: «Қолың қайда?»

Ойынның барысы:

Бала қолын(бір затты) арқасына тығады. Үлкен кісі: «қолың қайда? Жоқ па?!» -деп сұрайды. Бала қолын көрсеткенде, үлкен кісі таңғалып: «міне,қолдар!»-деп қуанады. Бала ойынды өзі басқарып отырады.

Қорытындысы:

Балалар «Қолың қайда? »ойының қызыға ойнады.Балалар бір-біріне әдептілік танытты.Балалар ойынды алма-кезек өздері қызғушылық танытып басқарып отырды.

Зерттеуші:Педагог-психолог:Елшибекова Амангүл

Қыркүйек айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қыркүйектің 4-нен бастап топтарды аралап, балалардың алғашқы балабақшаға келген көңіл күйлерін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. Ерте жас , Ортаңғы тобы, Ересек тобы және Мектеп алды топтарына «Суреттерді қарау», «Басқасын тап», «Пішіндер қорабы», «Графикалық диктант», «3 түрлі құрастырмалы матрешка» (қабылдау, саусақ қимылдары), «Кім кетіп қалды?», «Көп және аз», «Араға көмектес» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға ағартушылық бағытта «Балабақша мен отбасы» тақырыбында тренинг жүргізілді. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша Ерте жас , Ортаңғы тобы, Ересек топтарына «Танысу», «Туған», «Қолың қайда?» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Педагогтарға «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес берілді. Балабақша қызметкерлеріне «Саусақтар арқылы мінез анықтау» (тест) жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Қыркүйек айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Хаттама №4

Зерттеуші топ: «Еркетай» «Балапан» т.

Зерттеу уақыты: 11.10.2023ж

Ойын: «Ормандағы ағаштар»

Мақсаты:

Балаларға қозғалуға, демалуға мүмкіндік беру.

Музыка ойналады.

Мәтін:

Сендер ағашқа айналуға дайынсыздар ма?

Бір-біріңнің артынан тұрыңдар. Орманда күн шығып барлық ағаштар оған жапырақтарын жайып қарап тұрды. Күнге әрбір жапырағы жылыну үшін жоғары-жоғары созылды. Саусақ жапырақтар күннің астында билеп тұрды. Кенеттен қатты жел тұрып, талдарды жан-жаққа шайқай бастады. Бірақ талдың тамырлары тереңге кеткен, олар жай тербеледі. Желдің артынан жаңбыр жауып, талдар алғашқы жауын тамшыларын сезінді.

Алдыңғы тұрған баланың арқасын саусақтарыңмен жауын тамшыларындай тырсылдат. Кәдімгі майда жаңбыр жаңбыр жауып тұрғандай қимыл жеңіл болу қажет.

Жауын одан әрі күшейіп қатты жауа бастады..... Талдар бір-біріне жанашырлық білдіріп жаңбырдың қатты соққысынан қорғап, сипалай бастады. Көп ұзамай көкжиектен күн көрініп, талдар қуанды,. Олар өздеріндегі артық жауын тамшыларын сілкіп тастады. Өздерін сенімді, сергек, тап-таза сезініп қалды.

Қорытындысы:

Балаларға «Ормандағы ағаштар» ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы өте жақсы дамыған.

Педагог-психолог: : Елшибекова Амангул

Хаттама№5

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 16.10.2023ж

Балалар саны: 26

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Ойын: «Керісіншілер елі» тренинг

Мақсаты:

Ойша әрекет ету қабілетін жаттықтыру.

Жаттығудың жүргізілуі:

Балалар шеңбер бойына отырады. Жетекші үш әріптен тұратын сөзді айтып, допты лақтырады. Допты ұстаған ойыншы әріптерді кері атайды (күн-нүк, көз-зөк, сан-нас, гүл-лүг) Аударылған сөздердің мағынасы болмауы мүмкін. Ойынның күрделенуі сөздің ұзақтығына байланысты.

Қорытындысы:

Балаларға «Керісіншілер елі» ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы өте жақсы дамыған.

Педагог-психолог: : Елшибекова Амангул

Хаттама№6

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 20.10.2023ж

Ойын: «Аспанға қалай жетуге болады ?»

Мақсаты:

Ойша әрекет ету қабілетін жаттықтыру.

Жаттығудың жүргізілуі:

Достар , не істеуге болады, (иығымызды түзетіп, қолымызды жазамыз)

Аспанға жету үшін? (қолымызды көлегейлеп, жоғары қараймыз)

Алдымен тамаққа отырып (үстелге отырамыз)

Дәмді тамақты жейміз (тамақ ішуді бейнелейміз)

Жасыл орманға барып (тұрып адымдаймыз)

Биік ағаш табамыз (қолымызды жоғары көтереміз)

Бұтақтары арқылы ақ бұлттарға барамыз (қолымызбен жоғары шығып бара жатқандай бейнелейміз)

Бізге ешкім жете алмас! (қолымызды екі жаққа созамыз)

Күнді ұстап аламыз (қолымызбен күннің формасын ұстап аламыз)

Енді міне – кері жол.(қолымыздағы сағатқа қараймыз)

Қолымызды күнге қарап бұлғаймыз. (алақанымызбен бұлғаймыз)

Үйге қарай ұшамыз (ұшып бара жатқанды бейнелеп, орнымызға отырамыз)

Қорытындысы:

Балаларға «Аспанға қалай жетуге болады ?» ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы өте жақсы дамыған.

Хаттама№7

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты:24.10.2023ж

Ойын:«Гүл» ойыны

Мақсаты:

Қиялды дамыту, денедегі қысымды түсіру.

Нұсқау:

Балалар жүрелеп , тізелерін құшақтап отырады. Олар дәндер, жақында әдемі гүлдерге айналады.

Жетекші ойынға қатысушыларға қарап «Күннің жылы шуағы жерге түсіп, дәндерді жылытты. Дәндер тамырланды Олар өсті бой көтерді, бұратылып күнге мойын созды. Күн гүлдің әрбір күлтешесін қыздыра бастады».

Балалар жетекшіні тыңдап, нақты қимылдармен көрсетеді:

Дәндер. Жақында әдемі гүлге айналады

Жүрелей отырады;

Бастарын, қолдарын көтереді;

Бойларын тік ұстап, қолдарын жан-жаққа созады гүл ашылды;

Басын сәл артқа шалқайтып, күнге қарайды.

Көздерін жартылай жұмып, көктемгі күнге қарап, күлімсіреді.

Қорытындысы:

Балаларға «Гүл» ойыныойнатылды.Балаларға ойын өте қатты ұнады.Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы,қабылдауы өте жақсы дамыған.

Хаттама№8

Зерттеуші топ: «Еркетай» «Балапан» т.

Зерттеу уақыты:27.10.2023ж

Ойын:«Тығылмашақ» ойыны

Ойынның барысы:

Бала перденің артына тығылады. Анасы оны көріп тұрса да: «Айдар қайда? Мүмкін кереуеттің астында шығар? Әлде шкафтың ішінде ме екен? Қап, мұнда да жоқ. Ааа, онда столдың астында шығар? Мұнда да жоқ! Айдаар, қайдасың?» -деп іздеген сыңай танытады. Ойын жалғасады, Айдардың назары да жалғасады. Ойын – баланың назарын ұстап тұруға көмектеседі.

Барлық ойынды баланың өзі де ойнай алады, алайда процесс қызықсыз жүріп, жалықтырады. Ал үлкендермен бірге ойнаса, эмоция да қызығушылық та жоғары болады.

Қорытындысы:

Балалар «Тығылмашақ» ойының қызыға ойнады. Балалар ойында өте белсенділік танытып өздерінің ұқыпты екендерін көрсете білді.

Педагог-психолог:Елшибекова Амангүл

Қазан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының қазан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қазанның 2-нен бастап, «Күншуақ» тобында және «Еркетай» «Балапан» топтарда «Аз және көп», «Геометриялық фигуралар», «Мынау не?», «Кім кетті?», «Суретте не бейнеленген», «Фигураны тап», «Санап көрсет», «Бірдей суретті тап», «Мына суретте не жетіспей тұр», «Айырмашылығын тап», «Қайда тұрады», «Төлін тап», «Фигуралардың суретін салып бітіру» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға консультациялық бағытта «Балаларға қандай ойыншықтар қажет?» тақырыбында кеңес берілді. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Күншуақ» тобында «Ормандағы ағаштар», «Керісіншілер елі», «Аспанға қалай жетуге болады», «Гүл», «Тығылмашақ» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Педагогтарға «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында тренинг жүргізілді. Балабақша қызметкерлеріне «Сіз төзімдісіз бе?» (тест) жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Қазан айында осындай жұмыстар жүргізілді.

**педагог- психологы:
Елшибекова Амангүл**

Хаттама№9

Зерттелуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 13.11.2023

Тақырыбы: «Жағымды сөздер» ойыны

Мақсаты:

Өзін-өзі одан әрі ашу,өзін-өзі тану,өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Нұсқауы:

Қатысушылар шеңбер бойымен отырады.Психолог жағымды сөздер айта отырып,кез-келген біреуге доп лақтырады.Допты алған ойыншы шеңбердегі қатысушылардың кез-келгенін таңдайды да,оған жағымды сөзін айтып допты лақтырады.Доп қатысушылардың бәрінде болып шыққанға дейін ойын жалғаса береді.Жағымды сөздер қысқа,ең жақсысы бір сөзден тұрса болады.

Қорытындысы:

«Күншуақ тобында» «Жағымды сөздер» ойының қызыға ойнады.Балалар өзінің қабілеттерін,жағымды қасиеттерін бағалай алды.Ойын барысында балалар өздерін қабілетті екендерін көрсетті.Жағымды сөздер арқылы бір-біріне жақсы тілектер айтты.

Хаттама№10

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні: 16.11.2023ж

Әдістеме: «Мен жеңімпазбын»

Ойын барысы:

Орындықтарды ортаға қойып, музыка әуені ойнағанда балалар шеңбермен айналып жүгіреді. Орындықтар саны балалар санының, 1 санға кем болу керек. Ең соңында қалған бала орындықтың үстіне шығып, мен жеңімпазбын деп айту керек.

Қорытындысы:

« Күншуақ» тобында «Мен жеңімпазбын» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді. Балалар музыка әуеніне билеп күшті белсенділік танытты.

Хаттама №11

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 17.11.2023ж

Ойын: «Мен күлгенді ұнатамын»

Мақсаты: Топ жұмысына қолайлы жағдай жасау.

Ойын барысы:

Психолог балаларға: тұңжыраған және көңілсіз, жабырқаған және ойланған көңілді және күлкілі; қайрымды және қуанышты, т.б. кейіпке еніп, бір бірімен рольге кіріп, адамдардың бейнесін келтіруге ұсынады. Балалар айнаға қарап, әдемі ақкөңіл кейіпте күлімдейді. Психолог осы «Мен күлгенді ұнатамын» жаттығуын күніне бірнеше рет қайталап көңіл күйді күлкімен көтеруге болатынын түсіндіреді. «Күлкі-көңіл күйдің сиқырлы кілті. Адам күлгенде өз көңіл күйін, өз денсаулығын жақсартады және айналасындағы адамдардың көңіл күйімен денсаулығына жақсы әсер береді.»

Қорытындысы:

Балаларға «Мен күлгенді ұнатамын» ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы өте жақсы дамыған.

Хаттама №12

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 20.11.2023ж

Ойын: «Табиғат аясында саяхатат» атты сергіту сәті

Мақсаты: Топ жұмысына қолайлы жағдай жасау.

Ойын барысы:

- «Біз казір нұрын төккен, кең даланың ұзын, соқпақ жолымен жүріп, саяхатымызды бастаймыз» (Балалар аяқтарымен тарсылдатады)
- Алдымызда көк майсалы шалғын, аяғымыздың астында жұмсақ шөптер. (Аяқтарымен көк шөптің үстінде сырғанағандай сыңай танытады. Міне мен өзен жағалауына да келіп жеттік, аяғымыздың астында құм сусылдап жатыр, (Алақандарын бір-біріне ысқылайды).
- Мына ағаш көпір арқылы өзеннен өтеміз. (Тізелерін жоғары көтеріп, тізелерінің артынан шапалақтайды).
- Өзеннің арғы беті батпақтау екен, бір төмпешіктен екіншісіне секіріп өтейік. (Екі аяғымен секіреді).
- Айналамызда қалың тал өсіп тұр, оның ұзын, майысқан бұтақтарын жел тербейді. (Қолдарын жоғары көтеріп, ары бері қозғайды)
- Алдымызда үлкен жыра бар, аттап өтейік. (Үлкен адым жасап секіреді)
- Оң жағымызбен сол жағымызда алқызыл түске еніп, албырап пісіп, жидектер өсіп тұр, сыйға тарту үшін теріп алайық. (Оңға, солға еңкейіп, отырып тұрады)
- Мына алдымыздағы қалың өскен шалғыннан өтіп көрейік. (Тізелерін жоғары көтеріп жүріп өтеді).
- Міне көздеген жерімізге де келіп жеттік!

Қорытындысы:

Балаларға «Табиғат аясында саяхатат» атты сергіту сәті ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы өте жақсы дамыған.

Хаттама №13

Зерттеуші топ: «Еркетай» «Балапан» т.

Зерттеу уақыты: 21.11.2023ж

Ойын: «Біз тамшымыз»

Мақсаты: Топ жұмысына қолайлы жағдай жасау.

Ойын барысы:

Өздеріне ұнаған әуенге салып, қимылмен көрсетіп айту керек. Бәрі дөңгелене тұрады да: Біз тамшымыз дегенде жаңбырдың тамшысын бір теңіздің толқыны дегенде қолымен ирелектетіп толқынды көрсетеді.

Біз тамшымыз мұхиттағы

Бір теңіздің толқыны. Бізгекеліңіз

Сен мен мен.

Бәріміздебіржанұяболамыз.

Бізбұтақпызбақшадағы.

Бірбақшаныңгүліміз.

Қорытындысы:

Балаларға «Біз тамшымыз» атты сергіту сәті ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы өте жақсы дамыған.

Хаттама №14

Зерттеуші топ: «Ақбөбек» тобы

Зерттеу уақыты: 24.11.2023ж

Ойын: «Бұзылған телефон»

Мақсаты: Есту қабілетін дамытуға арналған.

Ойын барысы:

Бір сөзді психолог бір баланың құлағына сыбырлап сол пікірді қайталайды, солай жалғаса беріп барлық балаларға жеткізеді. Ең соңғы бала пікір сөзді естіріп дауыстап айтады. Мен әрқашан шындықты айтамын.

Қорытындысы:

Балаларға «Біз тамшымыз» атты сергіту сәті ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы, есте сақтауы өте жақсы дамыған.

Хаттама №15

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 27.11.2023

Әдістеме: «Аяқталмаған суреттер»

Ойын барысы:

Тұтастай қабылдауды дамытуға арналған әдістеме. Яғни балаға 2 нұсқа беріледі. Ол нұсқада үш суреттен орналасқан. Ол суреттер жартылай салынып , аяқталмаған. Балалар сол суреттерді табуы қажет.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Аяқталмаған суреттер» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді. Балалар ойын барысында белсенділік танытып суреттерді тапты.

Хаттама№16

Зерттеуші топ: «Балапан» тобы

Зерттеу уақыты: 28.11.2023

Әдістеме: «Не өзгерді?» ойыны

Мақсаты:

Баланың танымдық белсенділігін ояту, зейінін және ес процесін дамыту.

Ойын барысы:

Үстеді үстіне біренеше зат болмаса кішкентай ойыншық қойылады. Балаларға үстелде тұрған ойыншықтарды есінде сақтау ұсынылады, содан кейін «көзінді жұм» деп нұсқау беріледі, осы кезде психолог ойыншықтардың біреуін алып тастайды да қай ойыншықтың жоғалғанын табу ұсынылады. Осы ойынның басқа нұсқасы ретінде келесі тапсырма заттардың орналасуының өзгергенін табу болып табылады. Ойыншыларға үстелдегі заттардың қандай тәртіппен орналасқанын өзінде сақтау ұсынылады. Егер бұл ойын балаларға тым қиын болса, онда сөзбен бірігіп айту тәсілі қолданылады.

Қорытындысы:

«Балапан» тобы «Не өзгерді» ойының қызыға ойнады. Балалар үстелде тұрған ойыншықтарды естерінде сақтай алды және қандай ойыншық өзгергенін айтып берді. Балалар осы ойындар арқылы танымдық белсенділігін дамытты.

Хаттама№17

Зерттеуші топ: «Балдырған» тобы

Зерттеу уақыты: 29.11.2023ж

Ойын: «Өзін-өзі таныстыру»

Мақсаты:

Өзі туралы, өзінің қоғамда алатын орны туралы өз ойын дамыту; жеке позициясын түсіну.

Нұсқау:

«Мен кіммін?» деген сұраққа жауап беру керек.

Қорытындысы:

Балаларға «Өзін-өзі таныстыру» ойыны ойнатылды. Балаларға ойын өте қатты ұнады. Балалардың белсенділігі ойынға қызығушылығы, қабылдауы, есте сақтауы өте жақсы дамыған.

Қараша айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының қараша айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қарашаның 1-нен бастап «Күншуақ» тобында «Заттарды ата», «А.Р.Лурияның қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға психодиагностикалық бағытта «Дана баланы тәрбиелей аласыз ба?» тақырыбында сауалнама алынды. Психологиялық ағарту бағыты бойынша «Күншуақ» «Балапан» «Еркетай» т. «Сәлем, бұл – менмін», «Армандар», «Түрлі – түсті доптар» жаттығуы, «Жағымды сөздер», «Мен күлгенді ұнатамын», «Табиғат аясында саяхатат» атты сергіту сәті, «Атын атап бояп шық», «Біз тамшымыз», «Бұзылған телефон», «Не өзгерді?» ойыны, «Өзін-өзі таныстыру» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. «Зейінді бол», «Бұл неден жасалған», «Қазынаны тап», «Мен жеңімпазбын» тақырыптарында «Күншуақ» топта түзету дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді. Педагогтарға «Сіз туған айыңыз сіз туралы не айтады?» тақырыбында сауалнама алынды. Балабақша қызметкерлеріне «Суреттен бірінші нені аңғардыңыз?» (психологиялық тест) жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Қараша айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог- психологы: Елшибекова А.О.

Хаттама№18

Топтың аты: «Балдырған» тобы

Тексерілген күні:04.01.2024

Әдістеме:«Баланың зейінін дамыту»

Ойынның мақсаты:

Ойын арқылы балалардың зейінін дамытуға арналған ойын.Қазақ халқының ою-өрнектерімен таныстыра қана қоймай сонымен бірге ұлттық дүние танымның тарихи тамырларына сүйіспеншілігін арттырады.

Қорытындысы:

«Балдырған» тобына «Баланың зейінін дамыту»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді.Балалар ойынға жақсы араласты.Ойын арқылы балалардың зейінін дамытты.

Анықтама №19

Топтың аты: «Балапан» тобы

Зерттеу уақыты: 09.01.2024

Әдістеме: «Жұбын тап» ойыны

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді қайталау, салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: Өртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.

Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады.

Қорытындысы:

Балалар «Жұбын тап» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласты. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті, зейіні жақсы дамығандарын көрсетті.

Хаттама №20

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Тексерілген күні: 10.01.2024

Әдістеме: «Машиналарды гаражға қой»

Мақсаты: ауызша басты түстерді айтқызу, (сары, көк, қызыл, жасыл); түсіне қарай машиналарды орналастыру; үш басқа түстерден машиналарды ажырату;

Құрал-жабдықтар: кубиктер мен кірпіштер басты түстермен (көк, сары, жасыл, қызыл); түсіне қарай ажыратылған ойыншық машиналар.

Ойын барысы: Егер сізде машина болса, балаға не үшін гараж керектігін есіне түсіріңіз. Гараж қандай болу керек? Машинаны гаражға қою үшін, нені ашу керек?

Балаға әр түрлі түстегі құрлыс материалын көрсетіңіз. (2 түстен бастау керек—көк және сары, одан кейін қызыл және жасыл, түстерді көрсету. Бала қатесіз айтса балаға құралдармен және 4 түске бояй беруге болады.). Балаға кірпіштен гараж жасатыңыз. Құрылыстың бірнеше түрі бар (дайын құрылыс, мысал ретінде немесе баланы өз ойы бойынша). Балаға жолда тұрған машиналарды көрсетіңіз. Әр машинаны көрсетіп, түсін қандай екенін сұраңыз. Егер бала сенімсіз жауап берсе, онда басқа нұсқалары бар: сіз машинаның түсін айта отырып, сол түстегі машинаны балаға іздету. Еденге бормен жолдың суретін салыңыз (ол тура немесе әр түрлі болуы мүмкін.). Балаға санамақты тыңдата отырып, ойнауын ескеру, осындай түстегі гаражды табу және машинаны гаражға қою (тура сол түсте).

Нұсқалар: Ойынды басқа түстегі машинамен ойнатуды жалғастырыңыз, гараждың есігі машина түсімен бірдей болу керектігін естен шығармаңыз.

Қорытындысы:

Балаларға «Машиналарды гаражға қой» тақырыбында ойын жүргізілді. Балалардың есте сақтауы, ойлау қабілеті түсті ажыратуы өте жақсы дамыған.

Хаттама №21

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Зерттеу уақыты: 11.01.2024

Ойын: «Кім нені жақсы көреді?»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Нұсқауы:

Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Мысалы: Кім балмұздақты жақсы көреді, сол орнынан тұрсын... Кім өзін батырмын деп есептейді?... Кім сары түсті жақсы көреді?... Кім көп тамақ жегенді жақсы көреді?... Кім айнаға қарағанды жақсы көреді? т.б. сұрақтар қоюға болады.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Кім нені жақсы көреді?» ойыны ойнатылды. Балалар ойынды қызықты ойнады. Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Хаттама №22

Зерттелуші топ: «Еркетай» тобы

Зерттеу уақыты: 12.01.2024

Ойын: «Тасбақалардың жүгірісі»

Мақсаты: Балалардың белсенділіктерін дамыту.

Нұсқауы:

Бұл жүгірудің еркекшелігі, мәреге ең соңғы келген ойыншы жеңеді. Ойыншылар бөлменің бір жағына қатарлап тұрады, содан соң қарама-қарсы жаққа «жүгіреді». Бір орында тұруға болмайды. Барлығы қимыл-қозғалыста болуы қажет. Қимылдары баяу болады. Ең соңғы мәреге жеткен «тасбақа» жеңіске ие болады.

Қорытындысы:

«Еркетай» тобына «Тасбақалардың жүгірісі» ойыны ойнатылды. Балалар ойынды қызықты ойнады. Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Хаттама №23

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 16.01.2024

Ойын: «Менің достарым»

Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл –күйін қабылдауға үйрету. Балаларды достыққа татулыққа шақыру.

Ән тыңдау: «Песенка друзей» В.Герчик

Ән айту: «Достық» Л.З.Айтова (Үш тілдегі әндер» жинағынан)

Әуенді-ырғақты қимыл, ойын: «Достастық» Р.Рустамов

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Менің достарым» ойыны ойнатылды. Балалар ойынды қызықты ойнады. Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Хаттама №24

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Зерттеу уақыты: 17.01.2024

Ойын: «Жаңбыр» (Интерактивті тақтамен)

Психолог: Балалар сендер шыныққан сайын таңғажайып әлеміне жан біте бастады.

1 Жылы жаңбыр да жауды (екі қол артта, кезек - кезек алдыға созу).

2 Жаңбырдан соң әдемі кемпірқосақ та көрінеді (екі қолды қанатша екі жақта ұстап, иіліп бір қолды бір қолға жеткізу).

3 Жылы жаңбырға жуынып, өсімдіктер де жапырақтарын күнге жая бастады. (Аяқты артқа созып қолды жоғары көтеріп, денені жоғары созу).

4 Ал құстар қанаттарын қағып, ұшуға дайындалып жатыр. (Қолды қанатша қағып, отырып - тұру).

5 Жан - жануарлар да ояна бастады. (Жерге тіземен тұрып аяқтарын созу).

6 Көбелектер де ұшуға дайындалып жатыр. (Лотос қимылы)

Мына әдемі көбелек біздерді қайда шақырып тұр? кәне артынан барайықшы Құм салынған үстелге жақындайды.

- Құм терапия жаттығуы.
- Қолды құмға салу.
- Саусақтарының арасынан құмды уқалау.
- Қолды құмға жасыру.
- Құмды себелеп құю.

Балалар, енді кілемге жайғасып отырайық, ертегі тыңдайық «Ғажайып көбелектің түсі» ертегіні айтады, Бір таңғажайып елде, үлкен гүл алаңында түстер көбелектері өмір сүреді. Күндіз олар ұйықтап жатады, ал түн болғанда оянып, жан - жаққа ұшады. Әр көбелек өз адамына, үлкенге де кішіге де ұшып барады. Түстер көбелегінің қанаттары ғажайып. Оның қанатынан гүлдің, жаңбырдың иісі шығып тұрады. Көбелек қанатымен қағып қалса, сол адамға жақсы түс кіреді, ал қара көбелек қанатымен қақса қорқынышты түстер кіреді. Өз түстерінді естеріне түсіріңдерші, сіздер қандай түстер көресіңдер? Қорқынышты түстер көресіңдер ме?

Психолог: Балаларға қорқынышты түстер көрсететін көбелектердің көрсетіп оларды жыртып тастауға ұсынады. Балалар қара көбелектерді жыртады.

Психолог: Міне, біз енді ондай түстерден қорықпайтын боламыз. Балалар біз мына көбелектерге қандай түс көргілерің келеді? Соның суретін салып бояйық. Балалар сурет салады

Қорытындысы:

«Ақбөбек» тобына «Жаңбыр» ойыны ойнатылды. Балалар ойынды қызықты ойнады. Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Хаттама№25

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні:18.01.2024

Әдістеме:Бір сөзбен айт

Ойынның мақсаты:

Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Нұсқауы:

- 1.Кітап, дәптер, қалам -оқу құралы
- 2.Стол,отырғыш,диван- жиһаз
- 3.Кофта, юбка, шарф-киім
- 4.раушан, қызғалдақ.сирень-гүлдер
- 5.қайың,қарағай, шырша-терек
- 6.қарлығаш,торғай,аққу-құстар
- 7.шортан, сазан, алабұға- балықтар
- 8.орамжапырақ, сәбіз, қияр-көкөністер
- 9.апельсин, алмұрт, банан-жемістер

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Бір сөзбен айт»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.Жалпы байқағаным өткен айларда жүргізілген түзету-жұмыстарымен салыстыратын болсам,балалардың алға ұмтылысы және белсенділіктері артқанын көруге болады.

Анықтама №26

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 19.01.2024

Ойын тақырыбы: «Достық» ойыны

Мақсаты:

Қолдың қимылын және үйлесімділігін дамыту.

Тапсырманың сипаттамасы:

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)
Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)

Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақиан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес

Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).

Қорытындысы:

Балалар «Достық» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар берген тапсырманы жақсы орындап шықты. Балалардың қимыл қозғалыстары өте жақсы.

Хаттама №27

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні: 22.01.2024

Әдістеме: «Картина»

Мақсаты: Айналадағы заттарды олардың белгілеріне байланысты салыстыра алуға үйрету.

Құралдар: мазмұны мен безендірілуі әдейі таңдалған жұп картиналар. Әр түрлі заттардың жұп бейнелерін келесі үстел ойындары арқылы құруға болады: «Балаларға лото», «Заттық лото», және т.б. Суреттер: киім, ойыншық, таныс өсімдік (гүл, ағаш, жеміс, т.б.), 1 жұп суретке бірнеше ғана бөлек белгілері бар сурет таңдау керек.

Ойын: Ойын бірнеше топшалар 4-6 адам болып ойналады. Тәрбиешінің шақыруымен ойын ойнағысы келген балалар 6 орыны бар үстелге отырады. Әрқайсысына орнынан суреттер анық көрінуі тиіс. Ойынға қатысушылардың бірі тәрбиеші. Онда үстелге отырып ойын барысында ойын жүруіне үлгі болады.

Ойын ең қарапайым нұсқадан басталады.

1 бейнелі жұп суреттер таңдап алудан басталады. Психолог қорапты ашып, суреттері бар және 12 жұп сурет алып шығады. Ол таңдауға бірнеше сурет көрсетеді, балалармен бірге тамсанады, ол суретке деген қызығушылықтарын арттырады, олардың өз әсерлерін айтқызады. Сосын үлкені балаларға қорапта әлі өте қызықты суреттер бар екеніне, олар онымен ойнайтынын ескертеді. Суреттерді араластырып, психолог балаларға береді. Әрқайсысы 4 сурет алады, онда әр түрлі заттар бейнеленген. Бірнеше суретті үлкені өзіне алады (оның 1 жұбы балалардың біреуінде) қалған 3 сурет салыстыруға арналған, қорапта қалады.

Суреттерді таратқан соң, тәрбиеші балаларға суреттерін үстелге қояды айтады, дұрыстап суретті оның заттарын қарап алып, суретті жабады. Ол балалармен бірге келесі сөздерді айтады:

-Түрлі түсті суреттер арқаларыңды көрсетіңдер және бізден тығылыңдар. Біз сендерді қазір іздейміз! /Осы сөздермен педагог өзінің бір суретін ашады/

-Қарайық, менде не тығылып тұр! -дейді психолог. Ол суреттен бейнені, оның белгілерін айтып беруді сұрайды. Мысалы:

-Міне қандай қуыршақ менде тығылған, қараңдар, оның шашында қызыл лентасы бар, аяғында ақ шөлкіі және қоңыр аяқ-киімі бар. Ал көйлегі қызыл, кімде осындай сурет бар? Іздеп көріңдер, тауып көрсетіңдер. Тәрбиеші бәріне көріну үшін суретті үстелдің ортасына қояды. Ал балалар осындайды өздерінен іздейді. Егер біреу тауып алса үстелдегі суреттің жанына салыстыруға қояды. Балалар психологпен бірге бірдей суреттерді қояды.

-Бұл қуыршақ тұр, - дейді тәрбиеші. Ал мынау не істеп жатыр? Менің қуыршағымда қызыл көйлек? Сенікінде қандай? Т.б.

Сұрақтарға жауап бере отырып балалар заттың айырмашылықтарын айтады.

Заттарды бір-бірімен салыстырады. Ойналған сурет қорапқа салынады, ал психолог балалардың біреуіне өздерінің 1 суреттерін ашуға рұқсат етеді және ондағы заттың белгілерін ата, -дейді. Сұрақтар арқылы үлкені балаға затты бейнелеп беруге көмектеседі.

Қорыта келгенде суреттерді салыстырғанда мынадай шешімге келеміз суреттер бір-біріне ұқсас болғанымен, бірдей емес. Балалармен бірге ұқсастығын және айырмашылығын анықтайды.

Қорытынды:

«Күншуақ» тобына «Картина» ойыны ойнатылды. Ойын арқылы балалар суреттерді салыстыру ұқсастығымен айырмашылығын ажыратуды үйренді.

Хаттама №28

Топтың аты: « Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 23.01.2024

Ойын тақырыбы: «Болады, болмайды» ойыны

Барысы: Психолог сөздерді айтады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, онда қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса - онда аяқпен топылдатады. Мысалы: қасқыр орманда кезіп жүреді - алақан шапалақтайды. Қасқыр ағаш басында отыр - аяқтарын топылдатады. Кастрюлде кесе қайнап жатыр. Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр. Ит аспанда жүзіп келеді. Қыз үйдің суретін салып отыр. Тренинг: қорқыныш Орманда қараңғы, түрлі дыбыстар шығады. Ол не екен? Қорқып кеттік. Балалар, қорыққанда не істейміз? Тұрып қаламыз. (Мимикамен көрсетеді) көзін жұмады. Ой, қорқынышты болып кетті, бұл қорқынышты жануар шығар, бір дауыс естіледі. (Мәу) Көзімізді ашып қарайық. Ол кішкентай мысық екен. Оны қолымызға алайық, жылытайық, сипайық. Міне, мысықпен дос боламыз, енді қорықпаймыз.

Қорытындысы:

Балалар «Болады, болмайды» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар берген тапсырманы жақсы орындап шықты. Балалардың қимыл қосзғалыстары өте жақсы.

Хаттама №29

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 24.01.2024

Түзету-дамытушылық: «Менің достарым»

Ойынның мақсаты:

Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Менің достарым» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Топтың балаларын белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Ойын арқылы есте сақтауын, ойлау қабілетін, сөздік қорларын дамытты.

Хаттама №30

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 25.01.2024

Ойын тақырыбы: «Таңғажайып көбелектің түсі» ойыны

Әдіс - тәсілі: Ертегі терапия, арт - терапия, құмтерапиясы.

Мақсаты: Балалардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, психоэмоционалдық жағдайды жайландыру. Ішкі күйзелісті түсіру, релаксация. Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру.

Барысы: Міне сендерді өзімнің сабағымда көріп тұрғаныма қуаныштымын. Балалар оң қолдарымен жүректеріңді ұстандаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук - тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір — бірімізді жылытайық. Бір – бірінің қолдарын ұстасады. Міне кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі тұрғындарға апарып көмектесейік. Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де епті батыл болымыз керек. Балалар, мен сіздерді бүгін сиқырлы орманға, саяхатқа шақырамын қараңдаршы, айнала қандай әдемі.

Қорытындысы:

Балалар «Таңғажайып көбелектің түсі» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар берген тапсырманы жақсы орындап шықты. Балалардың ұсақ қол моторикасы өте жақсы дамыған.

Хаттама №31

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні: 26.01.2024

Әдістеме: Бір сөзбен айт

Ойынның мақсаты:

Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Нұсқауы:

1. Кітап, дәптер, қалам - оқу құралы
2. Стол, отырғыш, диван - жиһаз
3. Кофта, юбка, шарф - киім
4. раушан, қызғалдақ, сирень - гүлдер
5. қайың, қарағай, шырша - терек
6. қарлығаш, торғай, аққу - құстар
7. шортан, сазан, алабұға - балықтар
8. орамжапырақ, сәбіз, қияр - көкөністер
9. апельсин, алмұрт, банан - жемістер

Қорытындысы:

Ересек тобына «Бір сөзбен айт» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Жалпы байқағаным өткен айларда жүргізілген түзету-жұмыстарымен салыстыратын болсам, балалардың алға ұмтылысы және белсенділіктері артқанын көруге болады.

Хаттама №32

Зерттеуші топ: «Ақбөбек» тобы

Зерттеу уақыты: 29.01.2024

Ойын тақырыбы: «Тыныштықты жақсы көретін патша» ойыны

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл-күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады. ық сурет» атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды. Жаттығудан кейін қатысушылардың көңіл - күйлері көтеріліп, дем алып, рухани толысты.

Қорытындысы:

Балалар «Тыныштықты жақсы көретін патша» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар берген тапсырманы жақсы орындап шықты.

Қаңтар айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының қаңтар айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қарашаның 3-нен бастап «Күншуақ» тобына, «Ақ және көп», «Ересек балаларының мектепке дайындығын тексеру» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша «Күншуақ», «Еркетай» топтарына «Жұбын тап» ойыны, «Кім нені жақсы көреді?», «Тасбақалардың жүгірісі», «Жаңбыр» (интерактивті тақтамен), «Достық», «Болады, болмайды», «Таңғажайып көбелектің түсі», «Тыныштықты жақсы көретін патша» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. «Күншуақ» тобына «Баланың зейінін дамыту», «Машиналарды гаражға қой», «Менің достарым», «Бір сөзбен айт», «Менің достарым» тақырыптарында түзету дамытушылық жұмыстары жүргізілді. Педагогтардан «Бойыңыз қандай?» тақырыбында тест алынды. Ата-аналардан «Біз бір – бірімізді жақсы білеміз бе?» деген тақырыпта сауалнама алынды. «Әмиянға қарап, адамын таны» (тест) балабақша қызметкерлерінен алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға хаттама, қорытындысы шығарылды. Қаңтар айында осындай жұмыстар жүргізілді.

педагог- психологы: Елшибекова А.О.

Хаттама №33

Топ: «Балдырған» тобы

Уақыты: 01.12.2023

Ойын: «Сыйлық»

Мақсаты:

Бір-біріне сыйлық сыйлау. Балалардың ойлау қабілетін логикасын дамыту.

Нұсқауы:

Психолог балаларға ыммен қалай сыйлық сыйлау керек екенін түсіндіреді. Балалар соны ойланып табады. Кезек кезек бір-біріне ыммен сыйлықтар береді. Ойын солай жалғасады.

Қорытындысы:

«Балдырған» тобына «Сыйлық» ойыны ойнатылды. Балалар ойынды қызықты ойнады. Бір-біріне ыммен сыйлаған сыйлықтары ұнады. Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Педагог-психолог: Елшибекова А.О.

Хаттама №34

«Шұғыла» тобы
Күні: 05.12.2023

Ойын: «Жеміс жидек»

Мақсаты:

Топтарға, топқа келген бөтен адамға бейімделуіне көмектеседі.

Ойын барысы:

Жеміс-жидектердің аттарын айтып шығады. Алдында айтылып кеткен жеміс-жидек қайталанбауы керек. Барлығы өзіне жеміс-жидек таңдап болғаннан кейін, қатысушылардың ішінен өз еркімен бір адам ортаға шығады да, осы топтың ішіндегі айтылған жеміс-жидектерді қайталап шығады. Егер қайталай алмаса, ойынға қатысушылар айыппұл төлеуін талап етеді. Егер қайталай алса, онда ол адамға қошемет көрсетіледі. Бұл жаттығудың бөлігінде есте сақтау, зейінмен жұмыс істейді. Жаттықтырушы ортада тұрады, ал топтың ішіндегі қатысушылардың біреуі ойынды бастайды.

Тренингке қатысқандарыңызға көп-көп рахмет, – деп тренинг аяқталады.

Қорытындысы:

«Шұғыла» тобына «Жеміс жидек» ойыны ойнатылды. Балалар ойынды қызықты ойнады. Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Хаттама №35

Зерттеуші топ: «Еркетай» тобы

Зерттеу уақыты: 08.12.2023

Ойын: «Доп» ойыны

Мақсаты:

Бақылай білуді, зейінді дамыту.

Нұсқауы:

Балалар бір-біріне қарап тұрып, шеңберге тұрады. Психолог: «Допты алып, шеңбер бойымен бір-біріне беріңдер. Ойынның шарты мынадай: допты шеңбер бойымен қолдан-қолға ғана беру керек, лақтыруға, ауа арқылы беруге болмайды. Егер ойыншының біреуі допты қолынан түсіріп алса немесе ауа арқылы берсе, онда ойыннан шығады».

Қорытындысы:

Балалар «Доп» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар бақылай білуді, зейінді дамытты. Сонымен бірге жылдам, шапшаң қозғала білді.

Хаттама№36

Топ: «Күншуақ» тобы

Уақыты:12.12.2023

Ойын:«Сиқырлы ғажайып орман»ойыны

Мақсаты: Эмпатия мен сенім секілді сезімдерді жетілдіру.

Барысы: Қазір біз ғажаптарға толы, жайдарман әрі сиқырлы орманға айналамыз. Екі топқа бөлінеміз: орман-тоғай болып екі қатарға тұрамыз. Біздің қолдарымыз – орманда серуендеп келе жатқан адамды нәзік, абайлап қана сипалайтын ағаштардың бұтақтары болады. Ал енді барлықтарыңызды бір-бірден осы сиқырлы орман ішінен өтуге шақырамыз, ал қалғандарың серуендеуші адамның басынан, қолынан, арқасынан сипалап, сиқырлы ағаштар болуға шақырамыз. **Сараптама:**

Орман ішінен өткенде, басқа қатысушылар сізді сипағанда қандай сезімде болдыңыз?

Сиқырлы ағаштар болғаныңызда қандай сезімде болдыңыз?

Жаттығуға дейінгі және жаттығудан кейінгі сезімдеріңізбен бөлісіңіз?

Қорытындысы:

Балалар «Сиқырлы ғажайып орман»ойының қызыға ойнады.Ойын барысында балалар бақылай білуді,зейінді дамытты.Сонымен бірге жылдам,шапшаң қозғала білді.

Хаттама №37

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Уақыты: 13.12.2023

Түзету-дамытушылық: «Құмырсқаларға көмектес»

Мақсаты: Ерекшеліктердің образдары мен оларды айтып жеткізетін сөздар арасындағы тұрақты байланысты дамыту, ерекшеліктерді анықтау және абстрактылауға үйрету.

Материал: Логикалық блоктар жинағы, балалр санына сәйкес аузы үстінен ашылатын қораптар (үйлер).

Мазмұны.

I

Балалардың алдарына блоктар (құмырсқалар) қойылған. Ерексек адам оларға мынадай әңгіме айта бастады: Құмырсқа ананың көңілді де зейінді көп балалары болыпты, олар үйлерінен қаша береді екен, сосын үйлерінен келетін жолда әрең деген тауып, келетін көрінеді, ал олардың кебйірі тіпті үңқалың орманда адасып, келе алмай қалады екен. Сондықтан құмырса-ана балаларын жылдам үйге келуге үйретпекші болады. Бірақ бұл оның жалғыз өзінің қолынан келмейді, балалар көп қой, сондықтан құмырсқа- ана балалардан көмек сұрап отыр.

Әрбір бала үйшік алады. Психолог қандай құмырсқалар үйлерге тығылулары керек екенін айтады (мысалы, қызыл), ал балалар үйшіктерін тиісті блоктарды жасырады. Соңында үйшіктерді ашып, оған басқа түсті блок (құмырсқа) салынбағанын тексереді. Тексеріп, қателерін түзетіп болған оң, блоктарды орнына қайтарады.

Психолог барлық үлкен құмырсқалардың (барлық дөңгелек немесе барлық төртбұрышты еместерге, көк емес, жуан еместерге және т.б.) тығылуына бұйрық береді.

Алдымен жүргізушінің ролын (құмырсқа-ананың) бір ерексе адам ойнады, содан кейін балалар кезекпен ойнайды.

Жаттығулар қайталанып келетін жағдайда ойын тапсырмалар өзгеріп отырады (тышқандарға мысықтан жасырынуға көмектесуге, жарлық жеуге жарамды саңырауқұлақтарды теруг және т.б.).

II

Психолог үйшікке түсуге тиісті блоктардың (құмырсқалардың) бірден екі ерекшеліктерін атайды (үлкен дөңгелек немесе кішкентай қызыл, төртбұрышты қызыл емес, үлкен үшбұрышты емес). Ересек адам баланың ерекшеліктердің құрамдарын жаңадан ойлап айтып отырғаны үшін оған ілтипат білдіріп отырады.

III

Психолог үйшікке түсуге тиісті блоктардың (құмырсқалардың) бірден үш ерекшеліктерін атайды (үлкен дөңгелек қызыл немесе кішкентай төртбұрышты сары, қызыл үлкен үшбұрышты емес, жуан үлкен емес көк емес, сары емес жіңішке емес дөңгелек емес).

Әр кезде баларға қызықты ойын тапсырмалары беріліп отырады, ересек адам баланың ерекшеліктердің құрамдарын жаңадан ойлап табуға деген ұмтылысын әрқашан мақтап отырады.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Құмырсқаға көмектес» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Топтың балаларын белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Әр бала өздерінің ерекшеліктерін көрсетті.

Хаттама №38

Топ: «Еркетай» тобы

Уақыты: 14.12.2023

Ойын: «Менің есімімді ата» ойыны

Мақсаты: Топты таныстыру, бір – бірімен жақындастыру.

Уақыты: 10 минут.

Нұсқау: Қазір мына көңілді доп сендердің қолдарыңа тиеді. Бұл доп келген адам өз есімдерін айтуы тиіс. Доп барлығына тиген соң, доп бір қайта айналады. Сол кезде әрбір қатысушы тренингте қолданатылатын есімін айтуы тиіс.

Қорытындысы:

Балалар «Менің есімімді ата» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар есімдерін атап шықты.

Хаттама №39

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 18.12.2023ж

Әдістеме: «Ойын ойлап тап»

Мақсаты: Қиялын дамытуға арналған ойын

Мазмұны :

Бала қиялының даму деңгейін анықтауда 5 минуттың ішінде қандай да бір ойынды ойлауға тапсырма алады және ол жайлы толық әңгімелейді және зерттеушінің келесі сұрақтарына бала жауап береді:

Ойын қалай аталады ?

Ол неден тұрады ?

Ойынға қанша адам қатысады ?

Ойынға қатысушылар қандай рөлді атқарады ?

Ойын қалай өтеді ?

Ойынның ережесі қандай ?

Ойын немен аяқталуы тиіс ?

Ойынға қатысушылардың жеке жетістігі және ойынның қорытындысы қалай бағаланады ?

Қорытынды баға

Баланың сөйлегені емес, оның ойының мазмұны бағаланады. Балаға сұрақ қойып, қарым-қатынас жасағанда міндетті түрде көмектесе отырып, жетекші сұрақтар қою қажет, бірақ жауабын айтпау керек.

Берілген әдісте бала ойының мазмұны келесі амалмен бағаланады:

Ерекшелігі мен жаңашылығы

Шартын ойланып беруі

Оның әр түрлі ойынға қатысушыларына түрлі рөлдерді беруі.

Ойында белгілі бір ережелердің болуы.

Жүргізілетін ойынның жетістігін дәл бағалау жолы.

Баланың ойлап тапқан ойыны әр амалдармен бағаланады.

0 ұпай - жоғарыда көрсетілген бес амалдың ойында біреуінің толық жоқтығын білдіреді.

ұпай – берілген белгілер бар, бірақ нақты емес.

ұпай – ойынға сай, лайықты белгілер анығымен көрсетілген

Барлық осы амалдар мен белгілерден құралған ойын 0 ден 10 ұпайға дейін бағалануы мүмкін. Осы ұпай арқылы бала қиялының даму деңгейі қорытындалады.

Даму деңгейінің қорытындысы.

10 ұпай - өте жақсы

8-9 ұпай – жоғары

6-7 ұпай – орташа

4-5 ұпай – төмен

0-2 ұпай - өте төмен

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Ойын ойлап тап»қиялын дамытуға арналған ойын жүргізілді.

8-9ұпай-жоғары

Жұмабек Медина

Жексенбай Айла

Қази Шахнар

Марат Мәриям

Султанов Сағыныш

6-7 ұпай – орташа

Смағұл Сумайя

Нұржан Кәусар

Ағниязов Даян

Талғат Осман

Серік Нұрсая

Салим Аслан

Хаттама №40

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні: 19.12.2023ж

Әдістеме: «Пішіндерді орнына қой»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпасуреттер.

Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Пішіндерді орнына» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Жалпы байқағаным өткен айларда жүргізілген түзету-жұмыстарымен салыстыратын болсам, балалардың алға ұмтылысы және белсенділіктері артқанын көруге болады.

Хаттама№41

Топ: «Күлыншақ» тобы

Уақыты:20.12.2023

Әдістеме: «Дайын бол» ойыны

Мақсаты: зейінді дамытуға арналған ойын

Нұсқауы:

Балалар шенбермен жүреді. Психолог бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс – қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, ат- шабады, құс- ұшады, ләйлек- бір аяғымен тұрады.

Қорытындысы:

Балалар «Дайын бол» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында өте белсенділік танытып көңіл-күйлері көтерілді.

Хаттама№42

Топ: «Күншуақ» тобы

Уақыты:22.12.2023

Ойын:«Тілек шамы»ойыны

Мақсаты:Балалар бір-біріне жылы тілек айтуға үйрету.

Ойын барысы:Балалар «Тілек шамы»арқылы бір- біріне тілектер айтады.

Қорытындысы:

Балалар «Тілек шамы»ойының қызыға ойнады.Ойын барысында балалар бір-біріне жақсы тілектер айтты.

Хаттама №43

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Тексерілген күні: 25.12.2023ж

Әдістеме: «Пішіндерге арналған ұяшықты тап»

Мақсаты: Түстерді табу арқылы пішіндерді орнына орналастыру арқылы қабілеттерін дамыту.

Нұсқауы

Геометриялық фигуралар дайындағанда көлемдері бойынша әрқилы ғып дайындаймын және балаларда көлем, пішін, саны жайында түсінік қалыптасады. Бала сипаттағанда :

«Үлкен – үлкенірек – ең үлкен», «кішкентай – кішірек – ең кішкентай», «биік – биігірек – ең биік», «ауыр – ауырырақ – ең ауыр», «жеңіл – жеңілірек – ең жеңіл», «терең – тереңірек – ең терең», «жарық – жарығырақ – ең жарық», «қараңғы – қараңғырақ – ең қараңғы» және т.б. тиісті салыстырмалы және таңдаулы шырайдағы салыстырмалы сын есімдерді дұрыс өзіндік дербес қолдануға үйретемін.

Қорытынды:

Ортаңғы тобына «Пішіндерге арналған ұяшықты тап» ойыны ойнатылды. Ойын арқылы балаларда көлем, пішін, саны жайында түсінік қалыптастырып және белсенділіктерін көрсетті.

Хаттама №44

Топтың аты: «Еркетай» тобы

Тексерілген күні: 26.12.2023ж

Әдістеме: «Баумен ойын»

Мақсаты: Түстерді табу арқылы пішіндерді ажырату керек.

Нұсқауы

Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді» алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет. Есту арқылы жұмыс жасау психолог сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 3 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 3 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша)

Қорытынды:

Ерте жас тобына «Баумен ойын» ойыны ойнатылды. Ойын арқылы белсенділіктерін көрсетті. Қолдарының ұсақ қол моторикасын дамытты.

Хаттама №45

Зерттеуші топ: и «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 27.12.2023

Түзету-дамытушылық: «Күн»

Ойынның мақсаты:

Бір ортақ мақсатқа жұмыла бірігуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл әрекетке жаттықтыру.

Ойынның шарты:

Шеңберде жатқан таяқшаларды күн бейнесін құрастыру

Қорытындысы:

Ересек тобына «Күн» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Топтың балаларын белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Жылдамдықпен күннің бейнесін құрастырды.

Хаттама №46

Зерттеуші топ: «Балдырған» тобы

Зерттеу уақыты: 28.12.2023

Ойын: «Жунглиндағы жаңбыр» ойыны

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын дамыту.

Нұсқау:

-Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

Жел көтеріліп желкіді (арқаны қаттырақ басамыз) .

Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)

Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)

Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).

Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).

Тағы да нөсер жауын жауды.

Ұсақ жаңбыр сіркіреді.

Дауыл соқты.

Жел соқты.

Жел басылып келеді.

Қорытындысы:

Балалар «Жунглиндағы жаңбыр» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар белсенділік көрсетті.

Желтоқсан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының желтоқсан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қарашаның 1-нен бастап Психологиялық ағарту бағыты бойынша «Еркетай», «Күншуақ» топтарына «Сыйлық», «Жеміс-жидек», «Доп» ойыны, «Сиқырлы ғажайып орман», «Менің есімімді ата», «Тілек шамы», «Жунглиндағы жаңбыр» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. «Күншуақ» тобында «Керектісін ата», «Бірдей суретті тап», «Ойын ойлап тап», «Дайын бол», тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бағытта педагогтарға «Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті!», балабақша қызметкерлеріне «Мен әншімін», ата-аналарға «Жанұя бақыты» тақырыптарында тренингтер жүргізілді. «Сандар», «Құмырсқаларға көмектес», «Пішіндерді орнына қой», «Пішіндерге арналған ұяшықты тап», «Баумен ойын», «Күн» тақырыптарында «Күншуақ», «Еркетай» топтарына түзету дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Желтоқсан айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог-психологы: Елшибекова А.О.

Хаттама №47

Топтың аты: «Еркетай» тобы

Тексерілген күні: 02.02.2024

Әдістеме: «Үлкен және кішкентай доптар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын дамыту

Нұсқауы:

Балалар орындыққа жартылай дөңгелене отырады. Психолог оларға қарама-қарсы отырып, балаларға қолдарындағы доптарын көрсетуді сұрайды. Балалар қолдарын алға созып, доптарды көрсетеді. Психолог көңілді түрде былай дейді: «Кішкентай доптар жолмен домалап кетті. Қараңдар олардың қалай жүгіргенін». Осыны айтады да аяғымен бірнеше рет тез-тез жер тепкілеп: «тымпыл, тымпыл, тымпыл!» - дейді. Балаларда соны істейді. Одан кейін психолог қимылын баяулатып былай дейді: «Үлкен доптар жолда тымпыл-тымпыл домалап бара жатыр». Психолог алдымен кішкентай доптар, одан кейін үлкен доптар жөніндегі тексті осылайша бірнеше рет айтады. Балалар оның артынан тез және баяу қимылдарды алмастыра қайталайды.

Қорытындысы:

«Еркетай» тобына «Үлкен және кішкентайлар» тақырыбында түзету-дамытушылық ойын жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Ойын барысында балалар өздерінің тез және баяу қимылдайтынын көрсетті.

Хаттама №48

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 05.01.2024

Ойын: «Бип» ойыны

Мақсаты: Жағымды эмоционалды орта жасау, алаңдаушылықты жою, топты біріктіру.

Ойын барысы: Балалар орындақтарда отырады. Жетекші жұмысы көзбен шеңбермен жүріп, кезекпен балалардың тізесіне отырып, кімнің алдында отырғанын табады. Егер де бала дұрыс таппаса «Бип» дейді.

Қорытындысы:

Балалар «Бип» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласты. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті, зейіні жақсы дамығандарын көрсетті.

Хаттама №49

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні: 06.02.2024ж

Әдістеме: «Көлік тас жолы»

Мақсаты. Заттардың ерекшеліктерін анықтау қабілетін дамыту, тәжірибелік тапсырмаларды шешуде белгілі ережелерге бағынуға үйрету, осы ерекшеліктерді басқаларынан даралауға баулу, қарапайым әрекеттердің алгоритмдерін өз бетінше құрастыруға үйрету.

Материал. Жол құрылысының ережесі берілген кесте логикалық блоктар.

Мазмұны

I

Балалардың алдына 1 кестесі қойылады, ал еденге блоктар қойылады.

Ойынның тапсырмасы: қалада (пішіндер) автокөліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салу.

Жолдардың салудың ережесі кестеде берілген.

Ондағы бағыттардың көмегімен блок қай түстің соңынан жүру керектігі көрсетілген. Балалар ережені саралап байқайды: қызыл блоктың соңында сары, сарының соңында көк, оның соңында қайтадан қызыл. Олар жолды қай блоктан бастайтындарын шешеді және жолды сала бастайды. Блоктарды кезекпен салады. Әр бала блоктарға жақындап, керекгін алып, жолға салады, кім қателікті байқаған болса, сол «тоқта» деп айтады да, қатені түзетеді. Ойын қайталанған жағдайда, жолды балалар кестеді көрсетілген басқа ережемен салады. Сонымен қатар балалар жолды блоктар мен тегіс фигуралардан да сала алады.

Жаттығуды әртүрлі ұйымдастыруға болады: барлық балалар бір жол салады; қатысушылар жұпқа бөлінеді және әрбір жұп өз жолын салады, әр бала өз жолын салады.

Жұппен болатын ойынға мынадай ереже енгізуге болады: кімде кім қате жіберетін болса, сол өзіне айып ртеінде фигураны қалтырады. Кімде айып фигурасы аз болса, сол жеңімпаз болады.

Балалар алдымен дайын ереже бойынша жол салады, кейіннен ережені өздері ойдан құрай алады. Ересектер ойын ережесін үнемі ауыстырып отырады (өзен арқылы өтетін көпір салу, моншақтарды жинау, қалың орманның арасынан соқпақ жол салу және т.б.).

II

Жолды салуға блоктардың екі ерекшеліктеріне бағытталатын ереже қолданылады

Балалардың қызығушылықтарын қолдау үшін ересектер әртүрлі ойын және тәжірибелік тапсырмалар ұсынады: Қай мен Гердаға қашуға көмектесу үшін Қар патшайымының сарайынан жол салу; қораптарға кәмпиттерді салу; Хауыз көшесіндегі Аңғалақтың шкафын жинастыру.

Ойын шарттарын алдымен ересектер ұсынады, ал соңынан мұндай шарттарды балалардың өздері ойлап табады.

III

Балалар үш ерекшелік – түсі, көлемі мен пішініе қарай жол (тізбек) салады (Ересектер балалардың белсенділіктері мен шығармашылықтарын марапаттай отырып, балаларды өз беттерінше жаңа ережелер, ойын тапсырмаларын ойлап табуға икемдейді

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Көлік тас жолы» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді. Балалар ойынға жақсы араласты. Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамытты.

Хаттама №50

Зерттеуші топ: «Шұғыла» тобы

Зерттеу уақыты: 07.02.2024

Ойын: «Турнир» ойыны

Мақсаты: Ерікті бақылауды тәрбиелеу жан күйзелістерін түзеу, батылдықты, өзіне деген сенімділікті дамыту, әртүрлі әлеуметтік ұстанымдарды меңгеру: жарысушылар, төрешілер, көрермендер.

Ойын барысы: балалар төрешілер мен спортшыларды таңдайды.

«Кегельге тигіз». Балаға отырып, арт жағынан қолдарына тіреніп, аяқтарын бұғу ұсынылады. Аяқтарының алдына доп қойылады. Бала үш-төрт қадам қашықтықта қойылған кегельге допты тигізу үшін аяқтарын жазып, допты итеріп жіберулері керек.

«Қолдар арқылы өрмелеп өту». Екі қолдың саусақтарын айқастырып, олар артта болатындай етіп қолдар арқылы өрмелеп өтуге әрекет жасау керек. Әрі қолдар бұл жағдайда ажыратылмауы тиіс. **«Өтештер шабуылы».** Ойнаушылар бір аяқтарымен секіре жүріп, бір-бірін оң немесе сол иықтарымен итеріп, бір-бірін тепе-теңдік жағдайынан шығаруға тырысады. Жерге екінші аяғын тигізген ойыншы жеңілген болып табылады. Балалар қолдарын белдерінде ұстайды. Бір қолдарымен бүгілген аяқтың ұшын ұстауға болады. Бір аяғымен секіріп, ең көп уақыт тұра алған ойыншы жеңіске жетеді. **«Отыр-тұр».** Аяқтарын айқастырып, қолдарымен иықтарын құшақтап, шынтақтарында бүгілген қолдарды алға қарай жоғары көтере отырып, өзіне қолдарымен көмектеспей отырып - тұру керек.

Қорытындысы:

Балалар «Турнир» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласты. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті, зейіні жақсы дамығандарын көрсетті.

Хаттама №51

Топтың аты: «Балдырған» тобы

Тексерілген күні: 08.02.2024

Балалар саны: 26

Қатысқаны:

Қатыспағаны:

Әдістеме: «Үйлер және тулар»

Мақсаты: түстерді ажырата білуге, дұрыс түсті, затты таңдауға үйрету.

Қолданылатын құрал –жабдықтар: мозайкалы қорап, онда 10-10-нан қызыл және ақ түсті мозайкалар. Сонымен қатар онда 3 жасыл, 2 көк және 3 сары басқа элементтер салынады. Бұлардың бұл тапсырмаға еш қатыстары жоқ.

Ойын барысы. Психолог ең алдымен ақ мозайканы көрсетіп, бұл түспен үйлер болатындығын айтады. Ал, қызыл түспен тулардың болатындығын түсіндіреді. Содан кейін психолог үстелге «үйлерді», «туларды» үйдің үстіне қойып, баланы бұл тапсырманы бастауға рұқсат береді. Баланың міндеті түстерді дұрыс орналастыруы керек. Ойын барысында баладан үйлер мен тулардың дұрыс орналастырғанын сұрай отыра оның бұл тапсырманы ұққанын немесе ұқпағанын біле алады. Бұл тапсырманы орындау барысында саусақтарының, бұлшықеттеріне байланысты балалардың қимылдары келісінсіз болады. Бұл жағдайда психолог қолынан ұстап көмектеседі.

Қорытындысы:

«Балдырған» тобына «Үйлер және тулар» тақырыбында түзету-дамытушылық ойын жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Ойын барысында балалар тапсырманы жақсы орындап шықты.

Хаттама №52

Зерттеуші топ: «Ақбөбек» тобы

Зерттеу уақыты: 12.02.2024

Ойын: «Отбасылық портрет» ойыны

Мақсаты: Балалардың ойын топтарының социометриясы, отбасыда қалыптасқан жағдайларды талдау.

Ойын барысы: Отбасына отбасылық портрет жасау үшін фотограф келеді. Ол топтың барлық мүшесіне отбасылық ролдерді береді, әрі бұл отбасында кім-кіммен дос екендігін айта жүріп, оларды отырғызады.

Қорытындысы:

Балалар «Отбасылық портрет» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласты. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті, зейіні жақсы дамығандарын көрсетті.

Хаттама53

Зерттеуші топ : « Балдырған» тобы

Зерттеу уақыты:13.02.2024

Әдістеме: «Сиқырлы қалта»ойыны

Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.

Нұсқау:1-нұсқа – затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау. Психолог балалардың ортасына «сиқырлы қалтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қалтаға» салып, кез келген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын «сиқырлы қалтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-5) сәйкес цифрларды көрсетеді. Ұл балалар Әлшердің, қыздар Аяжанның неше түйме қадағандығын анықтайды. Балалар әкесіне кафель төсеуге көмектесуді ұйғарады. Бірнеше кафель жерге құлап, сынып қалды. Балаларға оны жинауға көмектесуді сұрайды.

Қорытындысы:

Балалар «Сиқырлы қалта»ойының қызыға ойнады.Балалар ойын барысында өте белсенділік танытып әр нұсқа бойынша тапсырмаларды жақсы орындап шықты.

Хаттама №54

Зерттеуші топ: «Шұғыла» тобы

Зерттеу уақыты: 14.02.2024

Ойын: «Айна» ойыны

Ойынның мақсаты: Балаларға белсенділік көрсетуге мүмкіндік беру.

Ойын барысы: Бір жүргізуші тағайындалады, қалған балалар – айналар. Жүргізуші айнаға қарайды, олар оның қимыл-қозғалысын көрсетеді. Психолог көрсетілген бейненің дұрыстығын бақылайды.

Қорытындысы:

Балалар «Айна» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласты. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті, зейіні жақсы дамығандарын көрсетті.

Хаттама №55

Топтың аты: «Балдырған» тобы

Тексерілген күні: 16.02.2024

Әдістеме: «Өз үйінді тап»

Мақсаты: Көру арқылы бір заттың түсін екінші затпен салыстыру.

Құрал-жабдықтар: ойынға түрлі түсті тулар (әрбірі әр түрлі болу керек), және де сондай түсті дөңгелектер(бала санына байланысты) Дөңгелектерді түрлі түсті қағаздан жасап, оны қатты қағазға жабыстыруға болады. Жыл басында ойын тулармен ойналады. Қосымша қоңыр, сарғыш түстер алынады. Тулар мен дөңгелектердің түсі бірдей болуы керек. Ал артқы жақтары сұр немесе ақ түсте боялады. Ал үйлер жерге немесе еденге созылады. Өйткені, балалар бір бірінің іс -әрекетін бақылауы керек.

Ойын барысы:

Психолог ойынға керек заттар мен құралдарды көрсетеді. Бірақ олар басқа түстес (апельсин, сәбіз, шоколад, қоңыр қолғап). Олардың мағыналарын түсіндірмей әрбір жерге орналастырады және балаларды онымен ойнауды бұйырады. Жерге үлкен төртбұрыш сызылады. (4 үй). Психолог әртүрлі түсті туларды көрсетіп олардың түсін айтқызады. Содан кейін жаңа түстермен танысу басталады. Оны былай жасауға болады. Қолға апельсин алып, мынау не?-деп баладан сұрауы керек. Оның түсі қандай? Егер балалар жауап бере алмаса тәрбиеші көмектеседі. Үстелдің үстінде осы түске ұқсайтын не бар?- деп сұрайды.(Сәбіз, және ту) және осылай қоңыр түспен де таныстыру жүргізіледі.(Мұнда шоколад, қолғап және ту қолданылады). »Ал ,енді ойнайық», деп психолог ұсыныс тастайды. Балалар шеңбер жасап тұрады. Үлкен адам ортасында тұрып әрбіріне қандай да бір түсті туды кигізеді. Ал бала оның түсін атау керек. Балалар шыққан шеңбердегі түстерді рет-ретімен есінде сақтап оны артқы жағын аударады. Енді ережесі түсіндіріледі: дөңгелекті ашып көруге болмайды, өз үйінді тап дегенде кірісіңдер. Психолог 4 баланы тыңдап әр түрлі түсті ту береді. (Мысалы,біріне қызыл,екіншісіне көк т.с.с.). Осы оқушылар кезкелген төртбұрышқа (үйге) тұрады. » Біздің қалада қандай әдемі үйлер бар» деп, тәрбиеші айтады. Ал сендерде түрлі түсті дөңгелектер бар дейді. Бұл өздерінің дөңгелек түстес үйлерге шақыру.Қане киімімізді жинап жаңа үйлерге көшейік! Психолог көшуге қатысты әр түрлі іс -әрекеттер көрсетеді. Мысалы, бәрі бірлесіп кір жуады, киім тазартады. Оны салады, машинаға жүкті тиеп, өздері рөлге отырады.Бөлмелер ішінде айдайды. « Келдік!» деп, белгі береді. Бәрі тоқтайды, ал оқушылар туларын желпиді, себебі, оның

керек.

Қорытындысы:

Ортаңғы тобына «Өз үйінді тап»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Хаттама №56

Зерттеуші топ: «Ақбөбек» тобы
Зерттеу уақыты: 19.02.2024

Ойын: «Жаңа ертегі» ойыны

Мақсаты:

Балалардың қиялын дамыту.

Нұсқауы:

Психолог отырған балаларға ертегі кейіпкерлердін атайды. Суреттерін көрсетеді. Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады.

Қорытындысы:

Балалар «Жаңа ертегі» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып белсенділік көрсетті. Балалардың қиялдары жақсы дамыған.

Хаттама №57

Топтың аты: «Еркетай» тобы

Тексерілген күні: 21.02.2024

Әдістеме: «Маған қарай жүгіріңдер»

Мақсаты: заттарды түстері бойынша салыстыруды меңгеруге көмектесу; ұжымдылыққа, достыққа тәрбиелеу.

Құралдар: төрт негізгі спектрлы жалаушалар: қызыл, көк, жасыл және сары жалаушалардың саны балалар санына сәйкес келу керек, сонымен қатар бір жалаушалар жиыны тәрбиешіде қалады.

Ойын барысы: Балалар жартылай дөңгелек болып қойылған орындықтарға отырады, тәрбиеші қолындағы вазасы мен оларды айналып шығады. Әр бала өзінің қалауы бойынша жалаушаны тандайды, үлкендер дәл сондайын алады. Психолог әр түсті жалаушаларды өзіне қалдырып, олардан біраз алшақтайды, өз орындығына отырады және балаларға өз жалаушасының біреуін көрсетеді.

Психолог балаларға әрқайсысы мұқият өз жалаушасына қарап және олармен оңай, қиын әрекеттерді жасауды ұсынады: «Ал бәріміз қолымызды көтеріп жалаушалармен қозғалтайық!» Ал енді жалаушалар арқаның артына тығылады. Енді жалаушаланы тізеге қойып демалдырамыз. Қызыл жалаушадан бірдене көруге бола ма? Ал енді көзімізге қойып, одан бір – бірімізге қарайық». /үлкен адамның айтқан сөзі мәнерлі және сезіммен айылуы керек./

Келесі, Психолог мыналарды ұсынады: «қазір мен кезекпен бір жалаушаның немесе келесі жалаушаның түстерін айтамын. Бірінші менім жалаушама қараңдар, егер екуінің түсі бірдей болса маған қарай жүгіріңдер. Психолог балалардан біраз алшақтайды. Ол өз арқасының артында үш жалауша ұстап тұрады. Біреуін, көтереді де түсін атайды. Балалар оған қарап жүгіріп келгенде, өз жалауларын көтереді де, ойынның басқа топтары көтереді. «Тыңдағыш жалаулар ма әлде жоқ па» -екенін бәрі бағалайды. Егер жалаулардың арасында «тыңдамайтын жалаушалар» бар болса, тәрбиеші оларға өз орындарына барып, шақырғанда жалғастыратынын айтады. Барлық «тыңдайтын» жалаушалармен ойнап, орындарына отырады. Психолог жаңа түсті белгілейді, мысалы, «Сары жалаушылар маған қарай жүгіріңдер!», осылай өз орнымен әр түсті жалаушалар шақырылады. Ойын аяқталар кезде тәрбиеші барлық 4 түсті жалаушаларды көтереді. Барлық қатысушылар оған қарай жүгіріп барып, жалаушыларды орнына -вазаға салады.

Қорытындысы:

Еркетай» тобына «Маған қарай жүгіріңдер»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Хаттама №58

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Тексерілген күні: 22.02.2024

Әдістеме: «Сирек кездесетін фигуралар»

Мақсаты:

Абстрактылау, сараптауға деген қабілетін дамыту; әрекеттерді орындау барасында ережені қатаң сақтауға баулу. Қарапайым фигуралардың сирек кездесетін, күрделі фигураға айналуларына көмектесу (қарапайым фигурадан күрделі жасау). Мұндай қайта жасаудың ережелері кестеге берілген. Әрбір фигураға арналған салу ережесі бар. Ересек адам сирек кездесетін фигураны құрудың ережесі берілген кестені көрсетеді

Нұсқауы:

Ол балаларға фигураның қандай ерекшелігіне қарау керектігін (пішініне), сирек кездесетін фигураны құруды қандай фигурадан бастау керектігіне көмектеседі (барлық бағыттар шығатын – үшбұрышты фигурадан). Тікбұрыштан екі бағыт шығады: біреуі төртбұрышқа, екіншісі үшбұрышқа. Бұл оған кез келген тұсынан төртбұрыш пен үшбұрышты орналдастыру болатындығының белгісі. Төртбұрыштан шыққан бағыт дөңгелекке келеді-оған дөңгелекті құру керек. Тікбұрыштан шыққан бағыт та дөңгелекке бағытталған-оған да дөңгелекті құру керек. Ал дөңгелектен бір де бір бағыт көрсетілмеген, сондықтан оған ештеңені құрудың керегі жоқ. Осыдан кейін әр бала блоктарды біріне бірін қоя отырып, күрделі фигура сала бастайды. Ересектер балаларды бір-бірінікіне ұқсамайтын өзінше күрделі фигуралар салуға жетелейді. Осының нәтижесінде балаларда бір-бірінікіне ұқсамайтын әртүрлі күрделі фигуралар пайда болады:

Жұмыстарының соңында балалар фигураларын салыстырып, дәлсіздіктерді анықтайды, олардың қандай затқа ұқсайтындығын анықтайды.

Ойын қайталағанда басқа ережелер қолданылады

Балалар алдымен дайын ережені қолданады, соңынан олар ережені өздері ойлап таба бастайды, бұл ретте ересектер балалардың ынталары мен шығармашылықтарын өз тараптарынан марапаттау отырады.

Қорытындысы:

«Ақбөбек» тобы тобы «Сирек кездесетін фигуралар» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Хаттама №59

Зерттеуші топ: «Шұғыла» тобы

Зерттеу уақыты: 23.02.2024

Ойын: «Туған күн» ойыны

Мақсаты:

Балалардың қиялын дамыту.

Нұсқауы:

Психолог отырған балаларға ертегі кейіпкерлердін атайды. Суреттерін көрсетеді. Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады.

Қорытындысы:

Балалар «Туған күн» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып белсенділік көрсетті. Балалардың қиялдары жақсы дамыған.

Хаттама №60

Зерттеуші топ: Ортаңғы топ

Зерттеу уақыты: 26.02.2024ж

Әдістеме: «Бірдейін тауып көрсет»

Мақсаты: заттарды салыстыру іскерлігін анықтау.

Тапсырма: бірдей кружканы тауып көрсет.

.

Даму деңгейінің қорытындысы:

Төмен – тапсырманы орындай алған жоқ.

Орташа – тапсырманы жартылай орындады.

Жоғары – берілген тапсырманы толық орындай алды.

Қорытындысы:

Орташа деңгей

Сембай Раяна

Сәкен Азиза

Тукина Максуда

Турдиев Даниал

Асқаров Ислам

Елекешов Төрехан

Ержан Гүлсім

Казиева Аруназ

Хаттама№61

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 27.02.2024

Ойын: «Заттарды бейнелеу» ойыны

Ойынның мақсаты: Байқағыштығын тәрбиелеу, қиялын дамыту, басқаны көру дағдысын қалыптастыру.

Ойын барысы: Бала мимикамен, ыммен затты бейнелейді, қалған балалар оны табады. Кім дұрыс тапса, сол жүргізуші болады.

Қорытындысы:

Балалар «Заттарды бейнелеу» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып белсенділік көрсетті. Балалардың қиялдары жақсы дамыған.

Ақпан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының ақпан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша ақпанның 1-нен бастап «Күншуақ» тобына «Төртіншісі артық», «Сиқырлы қалта», «Салыстыр», «Бірдейін тауып көр» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша «Күншуақ», «Еркетай» топтарына «Бип» ойыны, «Турнир», «Отбасылық портрет», «Айна», «Жаңа ертегі», «Туған күн», «Заттарды бейнелеу» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. «Күншуақ» тобына «Үлкен және кішкентай доптар», «Көлік тас жолы», «Үйлер және тулар», «Өз үйінді тап», «Маған қарай жүгіріңдер», «Сирек кездесетін фигуралар» тақырыптарында түзету дамытушылық жұмыстары жүргізілді. Педагогтарға, Балабақша қызметкерлеріне «Менің көңіл күйім», «Мейірімді болса жүрек-орындар тілек» тақырыбында ағарту жұмыстары жүргізілді. Ата-аналардан «Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы каталдық көріністерін зерттеу» деген тақырыпта сауалнама алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Ақпан айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог- психологы: Елшибекова А.О.

Хаттама №62

Топтың аты: «Еркетай» тобы

Тексерілген күні: 04.03.2024

Әдістеме: «Құм терапиясы»

Ойынның мақсаты:

Балаларға табиғат жайында ұғым бере отырып, дүниетанымын қалыптастырудың жолдары мен әдістерін анықтау.

Құм үстіндегі шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Құм ойын терапиясы арқылы баланың өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасау.

Міндеттері:

Табиғат тазалығын сақтау дағдылары мен қамқорлық көзқарасты қалыптастыру;

Экологиялық мәдениетін жетілдіру;

Балаларды табиғатқа етене жақындастыру, тартымды объектілермен кездесуге құлшынуға және қуануға тәрбиелеу;

Құммен ойналатын ойындар -бұл баланың табиғи белсенділігін көрсетеді.

Балалардың бір-бірімен қарым –қатынасы да осы құмда басталады

Ойын арқылы бала қиындықты жене білуді үйренеді, қорқыныш, ұялшақтық сезімнен арылып, өмірді танып біледі

Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жан дүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін бере алады.

Қорытындысы:

«Еркетай» тобына «Құм терапиясы» жұмыс жүргізілді. Балалар ойынға жақсы араласты. Құммен ойнай отырып бала өзін бір керемет сиқыршыдай сезінді. Құмның тағы бір ерекшелігі бала құмнан жасаған заттарын бұзып, қайтадан жасай алады. Балалардың шығармашылығы жақсы дамыған.

Хаттама №63

Зерттеуші топ:»Балдырған» тобы

Зерттеу уақыты:05.03.2024

Ойын: «Жоғалған ойыншықты тап» ойыны

Мақсаты:

Ойын ес пен зейінді, назар аудара білу іскерлігін дамытуға бағытталған.

Нұсқауы:

Балалардың алдында үстелдің үстінде бірнеше ойыншықтар тұрады. Балалар бірнеше минут сол ойыншықтарға қарап, содан кейін теріс қарап тұрады. Сол кезде психолог ойыншықтардың біреуін тығып қояды, ал балалар сол ойыншықты табу керек. Егер жауап дұрыс болса, онда ойыншылар рөлдерімен ауысады.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың ес пен зейінді, назар аудара білуі іскерлігін дамыта білді. Сонымен бірге балалар жылдам, шапшаң қозғала біледі.

Хаттама №64

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 07.03.2024

Ойын: «Қалқан мен семсер» ойыны

Мақсаты:

Агрессиядан арылту, эмоциялық шиеленісті алу.

Ойын барысы:

Психолог қалқанды ұстап тұрады, балалар оны доппен ұрады.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар эмоцияларын доп арқылы шығара алды.

Хаттама№65

Зерттеуші топ: «Шұғыла»тобы

Зерттеу уақыты:11.03.2024

Ойын:«Суреттерді аяқтайық»ойыны

Мақсаты:Балалардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын,ойша жұмыс істей білуін дамыту.

Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады.Балалардың көздері шарфпен байланады да,олар кезек-кезекпен шығып, бірі денесін,бірі басын,бірі аяғын салады,осылайша жалғаса береді.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады.Ойын барысында балалар эмоцияларын доп арқылы шығара алды.

Хаттама №66

Зерттеуші топ:»Құлыншақ» тобы

Зерттеу уақыты:13.03.2024

Ойын:«Түймелер» ойыны

Мақсаты:

Баланың танымдық белсенділігін ояту, зейінін және ес процесін дамыту.

Ойын барысы:

Әрбір ойнаушының алдында бір-бірден түймелер жиынтығы және ойын алаңы болады. Ойын алаңы тор көзге бөлінген төртбұрыштан тұрады. Төртбұрыштың ішінде тор көздер неғұрлым көп болса және неғұрлым түймелер көбірек пайдаланылса, соғұрлым ойын күрделі болады. Ойын төрт тор көзден тұратын ойын алаңы мен үш түймеден басталады. Бірінші ойыншы өзінің ойын алаңында үш түймені қойып шығады. Екінші ойыншы түймелердің орналасуын яғни қайсысы қайда тұрғанын есінде сақтайды, осыдан кейін бірінші ойыншы өз ойын алаңын қағазбен жауып қояды, ал екінші ойыншы өзінің түймелерінің арасынан керектерін таңдап алып өз ойын алаңында тура сондай етіп қойып шығуы қажет. Түймелер саны және ойын алаңындағы тор көздер біртіндеп кемиді.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар танымдық белсенділігін оятты.

Хаттама №67

Зерттеуші топ: «Еркетай» тобы

Зерттеу уақыты: 14.03.2024

Әдістеме: «Түрлі түсті доптар» ойыны

Мақсаты:

Балаларды түстерді ажыратып атай білуге дағдыландыру. Геометриялық пішіндерді ажыратып айту. Көру, есте сақтау, ойлау қабілетін тілін дамыту. Үлкен-кіші ұғымын бекіту.

Нұсқауы:

Қараңдаршы балалар бізге Қуыршақ қонаққа келіпті. Өзімен бірге түрлі-түсті, әр түрлі көлемдегі доптар ала келіпті. Қуыршақ Айнұр кел төрлет. Қараңдаршы оның себетінде бірнеше доп бар екен. Олардың көлеміде әр түрлі екен. –Балалар мына доптың түсі қандай? –Көк. –Ал мына доптың түсі қандай? –Қызыл. Қызыл доптың көлемі, көк допқа қарағанда қандай? –Қызыл доп үлкен. Дұрыс айтасындар. Ал мына доптың түсі қандай? –Сары. Доптың пішіні неге ұқсайды? –Домалаққа, дөнгелекке. Доптарды домалатсақ домалайды екен. Геометриялық пішінді көрсету. «Ұқсасын тап» ойыны. Геометриялық пішінің түсіне сай допты әкеліп қою. Түсіне қарай допты топтастыру. Енді кім Айнұр қуыршаққа арнап тақпақ айтады. Біздерде бар қуыршақ.

Бұзау қозы құлыншақ.

Қуыршақтар ойнайды. 63.

Емес олар ұрыншақ.

Домала, доп домала,

Балшыққа тек жолама.

Жек көремін оныңды,

Бүлдіресің қолыңды. Балалар қуыршаққа тақпақтарын айтып береді. Қуыршақ. Қандай жақсы балалар мен туралы тақпақта айтады. Менімен ойын ойнайсындар ма? Менде мынадай екі себетім бар. Мына себетке үлкен допты, мына себетке кішкентай допты салуларың керек. Ойынды өте жақсы ойнай білдіңдер. Рахмет деп қоштасады. Қуыршақпен қоштасу.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Түрлі түсті доптар»тренингін қызыға ойнады.Барлық балалар ойынға жақсы араласып,белсенділік танытып отырды.Ойын барысында балалар бір-біріне жағымды сөздер айтып доп арқылы білдірді.

Хаттама №68

Зерттеуші топ: «Құлыншақ» тобы

Зерттеу уақыты: 18.03.2024

Ойын: «Жүгіру асоциациясы» ойыны

Мақсаты:

Балалардың белсенді қиялды дамыту.

Ойын барысы:

Бірінші қатысушы кез- келген сөзді айтады. Екіншісі оған өзінің сөзін қосады үшіншісі осы екі сөзді қосып бір сөйлем құрайды. Сөйлемнің мағынасы болу керек. Содан кейін ол жаңа сөз ойлап шығарады, ал келесі қатысушы екінші және сөйлемнің үшінші сөзін байланыстырады . Тапсырманың мәні жаттығудың біртіндеп жылдамдығын қосу болып табылады. Мысалы; жарық тал « мен талға мініп алып, алыста тұрған терезедегі жарықты кордім».

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар белсенді қиялын дамытты.

Хаттама №69

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Әдістеме: Көбелек

Зерттеу уақыты: 19.03.2024

Мақсаты: Түс, пішін және көлем туралы түсінікті қалыптастырады

Белсенділікті, логиканы, ойлау, қиялдау, түсті қабылдау қабілетін дамытады.

№	Баланың аты-жөні:	Топ атауы	Балалардың жалпы психологиялық қабілеттері			Қалыпқа келтіру жұмыс түрі
			Ойлау	Қиялдау	Қабылдау	
1	Аби Нұрбек Қазбекұлы	«Күншуақ». т	+	+	+	
2	Алдаберген Арман	«Күншуақ». т	+	+	+	
3	Берікқызы Дайана	«Күншуақ». т	+	+	+	
4	Есбосинов Нұрасыл	«Күншуақ». т	+	+	+	
5	Құрманғазы Халид Жандарбекұлы	«Күншуақ». т	+	+	+	
6	Нұрлан Азиза Қанатқызы	«Күншуақ». т	+	+	+	
7	Мырзакалиева Кәусар	«Күншуақ». т	+	+	+	
8	Сералиев Бейбарыс Мадиевич	«Күншуақ». т	+	+	+	
9	Сериков Расул Куанышович	«Күншуақ». т	+	+	+	
10	Сайлаубай Алишер Саматұлы	«Күншуақ». т	+	+	+	
11	Серік Нұрахмет Расулұлы	«Күншуақ». т	+	+	+	

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобының балалары Көбелектің түсін, пішінін және көлем туралы түсініктерін қалыптастырды. Белсенділіктері, логиканы, ойлау, қиялдау, түсті қабылдау қабілеттері жақсы. Балалар қызығушылықпен белсеніп қатысты.

Хаттама №70

Зерттеуші топ: «Балдырған» тобы

Зерттеу уақыты: 26.03.2024

Ойын: «Алып бер» ойыны

Мақсаты:

Балалардың қиялын дамыту.

Ойын барысы:

Балалар шеңбер бойымен үстелге жайғасады. Бірінші бала бейнелеуші заттың атын айтып, қимылымен келесі балаға ұсынады.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар белсенді қиялын дамытты.

Хаттама №71

Зерттеуші топ: «Еркетай» тобы

Зерттеу уақыты: 27.03.2024

Ойын: «Поезд» ойыны

Мақсаты:

Баланың танымдық белсенділігін ояту, логикалық ойлауын, қабілетін дамыту.

Ойынның шарты:

Бұл ойын үшін көлемі бірдей 10 суретті картиналар қажет. Әрбір сурет поезд вагоны. Суреттерді бес-бесен екіге бөліп береді де алма кезек поезд құрастырады. Поездың вагондары жүріп бара жатқанда ажырамас үшін бір-біріне бекітілетінін біз білеміз. Суретті вагондар да қандай бір логикалық байланыспен бекітілуі қажет.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар белсенді қиялын, логикалық ойлауын дамытты.

Хаттама №72

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні: 28.03.2024

Әдістеме: «Сөйлемді жалғастыр»

Мақсаты:

Байланыстырып сөйлеу тілін, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту.

Ойын шарты:

Балалардан сөйлемді аяқтауды өтіну: «Балалар гүлзардағы гүлдерге су құйып жатыр, себебі . . . ». "Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені . . . ", "Аю қыста ұйықтайды, себебі . . . " және т.б.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобына «Сөйлемді жалғастыр» жұмысы жүргізілді. Балалардың сөйлеу қабілеті, сөздік қоры, ойлау қабілеттері жақсы дамыған.

Наурыз айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының наурыз айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша наурыздың 1-нен бастап Педагогтарға «Баланың тілі қалай дамиды» тақырыбында кеңес берілді. «Құм терапиясы», «Суретте не жетіспейді», «Көбелек», «Сөйлемді жалғастыр» түзету дамытушылық бағытта «Күншуақ» тобына жұмыстар жүргізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша «Күншуақ», «Еркетай» топтарына «Жоғалған ойыншықты тап» ойыны, «Қалқан мен семсер» ойыны, «Суреттерді аяқтайық», «Түймелер», «Түрлі түсті доптар», «Жүгіру асоциациясы», «Алып бер», «Поезд» ойыны тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. «Күншуақ» тобына «Санаймыз» тақырыбында психодиагностика жұмысы жүргізілді. Суреттен не байқадыңыз? (психологиялық тест) тақырыбында балабақша қызметкерлерінен психологиялық тест алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Наурыз айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Хаттама №73

Топ: «Күншуақ»

Уақыты: 01.04.2024

Ойын: «Сөйлемді аяқта» ойыны

Мақсаты:

Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Нұсқау:

Балалар шаңбер бойына отырады. Психолог балалардың біреуіне допты лақтырып, сөйлемнің басын айтады. Допты тосып алған бала сөйлемді аяқтап, допты жүргізушіге қарай кері лақтырады. Егер бала екі рет сөйлемді аяқтай алмаса, ойыннан шығады.

Сөздердің нұсқауы:

Лимон ащы, ал қант...

Шөп жасыл, ал аспан...

Адамда екі аяқ, ал итте...

Сен көзбен оқисың, ал жазасың...

Сен ауызбен тамақтанасың.

Ит үреді, ал мысық...

Сен көзбен көресің, ал демаласың...

Құстар ұяда тұрады, ал адамдар...

Құс ұшады, ал жылан...

Кеме жүзеді, ал машина..

Қорытындысы:

Барлық балалар «Сөйлемді аяқта» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті жақсы дамыған.

Хаттама №74

Зерттеуші топ: «Еркетай» тобы

Зерттеу уақыты: 02.04.2024

Әдістеме: «Ұқсас суретті тап» ойыны

Мақсаты:

Қабылдауды дамытуға арналған ойын

Нұсқауы:

Психологтың алдында қос- қостан бірнеше суреттер болады. Олар: Екі шырша, екі таяқ, екі теледидар, екі жапырақ, екі гүл, екі сағат т.б. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп осыған ұқсас геометриялық пішіндерді қораптан таңдап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін, түр – түсін сипаттап әңгімелеп береді.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Ұқсас суретті тап» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар ұқсас суреттерді тауып әңгімелеп берді.

Хаттама №75

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 03.04.2024

Ойын: «Фотосурет» ойыны

Мақсаты:

Адамның қуаныш, қорқыныш, т. б. сезімдерін бейнелей білуге үйрету.
Балалардың қиялын, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойын шарты:

Адамның портретіне қажетті бояу, қосымша заттарды таңдау.
Бас мүшелерді қағаз бетіне дұрыс орналастыру.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Фото сурет» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың қиялы, ойлау қабілеті жақсы дамыған.

Хаттама №76

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 04.04.2024

Әдістеме: «Суреттерді аяқтайық» ойыны

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту.

Нұсқауы:

Алдын - ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Балалардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек - кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетті. Балаларға ойын қатты ұнады.

Хаттама №77

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні: 05.04.2024

Әдістеме: «Бір қолмен сызып шық» ойыны

Мақсаты:

Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Қолдану тәсілі:

Қарандашты көтермей нуктелерді бір – біріне қосу

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобы «Бір қолмен сызып шық» тақырыбында түзету дамыту жұмысы жүргізілді. Балалар ойынға жақсы араласты. Балалардың шығармашылығы жақсы дамыған.

Хаттама №78

Зерттеуші топ: «Балдырған» тобы

Зерттеу уақыты: 08.04.2024

Әдістеме: «Шөлдеу» ойыны

Мақсаты:

Достыққа, бір-біріне көмектесіп қана нәтижеге жетуге болатынына тәрбиелеу.

Жаттығудың жүргізілуі:

Балалардың қолдары шынтан қозғалмайды. Балалар өздерін ыстық шөл даладамыз деп елестетеді, қатты шөлдеп жүреді. Бір кезде тостағандағы суларға кездеседі. Енді осы суды ішуге амал табулары керек (бір-біріне көмектесуді үйренеді)

Қорытындысы:

Балалар «Шөлдеу» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар бір-біріне көмектесуді үйренді.

Педагог-психолог: Касымова.Л.А.

Хаттама №79

Топтың аты: «Балапан» тобы

Тексерілген күні: 09.04.2024

Әдістеме: «Шашу жаттығуы»

Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, эмоционалдық стрессті жеңілдету.

Материал: қарапайым тарақ, щетка немесе тіс щеткасы, бояулар.

Осы сурет салу әдісін өз жұмысыңызда қолдана отырып, желдің бағытын жеткізе аласыз - бұл үшін сызба бойымен бүріккіштің бір бағытқа түсуін қамтамасыз ету керек.

Қорытындысы:

«Балапан» тобына Арт-терапиядан «Шашу жаттығуы» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Балаларға сурет салу әдісін қолданды. Балалардың қиялы, ұсақ қол моторикасы жақсы дамыған.

Хаттама №80

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Тексерілген күні: 11.04.2024

Әдістеме: «Менің планетам»

Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, эмоционалдық стрессті жеңілдету.

Нұсқаулық: «Көздеріңді жұмып, ғарыштағы планетаны елестетіңдер. Қай планета? Бұл ғаламшарды кім мекендейді? Жету оңай ма? Олар қандай заңдар бойынша өмір сүреді? тұрғындар не істеп жатыр? Сіздің планетаңыздың аты кім?

Балалар сурет салады, содан кейін жұмыс талқыланады.

Қорытындысы:

«Ақбөбек» тобы «Менің планетам» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Балалар сурет салу арқылы өздерінің қиялдарын, ұсақ қол моторикасын, эмоционалды стрестерін жеңілдетті.

Хаттама №81

Топтың аты: «Өркен» тобы
Тексерілген күні: 12.04.2024
Әдістеме: Йиарсек Керн тесті

Мақсаты:

Баланың қиялымен жаңғырту және саусақтарының майда қиыл әрекетінің қалыптасуын анықтау.

Нұсқауы: Психолог балаларға анасы мен әкесінің бейнесін есіне түсіріп салуды ұсынады.

Бағалау шкаласы:

3 балл - адам денесінің пропорциясы дұрыс салынса, оның үстінде әр немесе әйел адамының киімі болса, кол, аяқ, мойын бас, бет мүшелерінің бөліктері толық салынса

2 балл – дене бас, аяқ, қол бірақ шаш, саусақтар, мойын құлағы, киімі салынбаған

1 балл - өте қарапайым дене мен бас жобалаған сурет

Қорытындысы:

3 балл:

1. Ақболатқызы Амина
2. Сәбит Айдын

2 балл:

1. Кеңес Дәулет
2. Муканова Айза

1 балл:

1. Сағыныш Жандарбек
2. Сәбит Айдын

Хаттама №82

Зерттеуші топ: «Ботақан» тобы

Зерттеу уақыты: 15.04.2024

Ойын: «Көбелек» ойыны

Нұсқауы:

Балалар қарындашты екі саусақтың арасына қысып ұстайды. Ойын психологтың белгісі бойынша қарындашты айналдырып отырады. Егер балаға қарындашты екі саусақпен айналдыру қиын болса, қосымша үлкен саусақтың көмегімен айналдыруға болады.

Қорытындысы:

Балалар «Көбелек» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды.

Хаттама №83

Зерттеуші топ: «Ботақан» тобы

Зерттеу уақыты: 16.04.2024

Әдістеме: «Сурет туралы әңгіме»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту

Нұсқауы:

Баладан адамға сурет салуды сұрайды. Суреттің ерекшелігі бойынша (дененің қандай бөліктері бейнеленген, олардың кеңістікте қалай орналасқандығы, қосымша бөлшектер бар ма және т.б.), олар бейнелі ойлаудың даму деңгейіне, эмоционалды-жеке сфераның сипаттамаларына баға береді және баланың басқалармен қарым-қатынасы.

Қорытындысы:

«Күншуақ» тобының балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді. Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып тапсырмаларды жақсы орындап шықты. Балалардың топта бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы.

Хаттама№84

Зерттеуші топ: «Балдырған» тобы

Зерттеу уақыты: 18.04.2024

Ойын: «Барлығы қанша?» ойыны

Мақсаты: Заттарды санау, сандарды жазу.

Ойынның құрал-жабдықтары: Үлестірмелі қағаздар, қарындаштар.

Ойын барысы: Балалар суреттегі заттарды санайды, тиісті санды жазады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Барлығы қанша?» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің жақсы қасиеттерін көрсетті. Балалар суреттегі заттарды санай алады және тиісті сандарды жаза алады.

Хаттама №85

Топтың аты: «Өркен» тобы

Тексерілген күні: 19.04.2024

Балалар саны:

Қатысқаны:

Қатыспағаны:

Әдістеме: «Жыл мезгілдері»

Ойынның мақсаты:

Жылдың төрт мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін меңгерту. Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Зейінділікке, тапқырлыққа баулу. Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.

Нұсқау:

Жыл мезгілі бейнеленген суретпен жұмыс. Балаларға сурет бойынша әңгіме жүргізіледі.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы араласты. Жыл мезгілдерін суретке қарап әңгіме құрастырды. «Өркен» тобының белсенділігі есте сақтауы, сөйлеу мәдениеті жақсы дамыған.

Хаттама №86

Зерттеуші топ: « Құлыншақ» тобы

Зерттеу уақыты: 23.04.2024

Ойын: «Ауызша волейбол» ойыны

Мақсаты: Өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге, өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін білуге, бір-бірін терең түсінуге арналады.

Ойын барысы:

Допты бір-біріне берген кезде балалар адамгершілік қасиеттер туралы айтулары керек.

Мысалы: шыншылдық; мейірімділік; адамдық; адамгершілік әділдік; кішіпейілдік; батылдық; ұстамдылық; жанашырлық.

Өзінде басым қасиетті айта білулері қаралады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Ауызша волейбол» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің жақсы қасиеттерін көрсетті. Балалар бір бірлеріне мейірімділік таныта білді.

Хаттама №87

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Тексерілген күні: 24.04.2024

Әдістеме: «Суреттер бойынша сұрақтар»

Ойынның мақсаты:

Ойлау қабілетін дамыту

Нұсқау:

Әртүрлі мөлшердегі элементтердің көп мөлшеріндегі әрекеттерді орындауға арналған тапсырмалар бар. Материал - бұл пішіннің көп түсті элементтері, оларды серия элементтері ретінде өлшем бойынша тапсырыс беруге болады. Әдістеме объектілер арасындағы қатынастарды қабылдау деңгейі мен баланың іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері тұрғысынан ашады. Тапсырмаларды орындау деңгейінің төмендігі кезінде сол материал бойынша балаға үлкен элементті екіден, содан кейін үштен таңдау ұсынылады. Сол материалды үлгіні таңдау негізінде түстерді қабылдауды бағалауға және түстердің атаулары туралы білімді анықтауға болады.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты. Ересек тобының белсенділігі есте сақтауы, ойлау қабілеті, қабылдауы жақсы дамыған.

Хаттама №88

Топтың аты: «Өркен» тобы тобы

Тексерілген күні: 25.04.2024

Әдістеме: Жоқ жануар

Мақсаты: Қиялын дамыту

Нұсқауы:

Балаға жоқ жануардың суретін салып, атын атап, оның өмір салтын сипаттауды сұрайды. Тапсырмада проективті әдіс ретінде жеке қасиеттер мен қиялдың ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылады.

Қорытындысы:

«Өркен» тобы «Жоқ жануар» суретін салды. Сурет арқылы жеке қасиеттерін, қиялын дамытты. Әр баланың салған суретіне жеке — жеке қорытынды шығарылды.

Хаттама №89

Зерттеуші топ: «Шұғыла» тобы

Зерттеу уақыты: 26.04.2024

Ойын: «Достық неге қымбат?» ойыны

Мақсаты: «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру.

Дамытушылығы: Достарға деген мейірімді қарым - қатынасқа үйрету.

Тәрбиелігі: Адал дос, достаса білуге тәрбиелеу..

Әдіс - тәсілі: көрсету, әңгімелеу, дәйексөз, сұрақ - жауап, дәптермен жұмыс, қорытындылау.

Көрнекі құралдар: тақырыпқа сай суреттер, дәптер, хрестоматия, жүрекшелер.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Достық неге қымбат?» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар достықтың маңыздылығын түсінді. Балалар бір бірлеріне мейірімділік таныта білді.

Сәуір айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының сәуір айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша сәуірдің 1-нен бастап «Күншуақ», «Еркетай» топтары осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Сөйлемді аяқта», «Ұқсас суретті тап», «Фотосурет», «Суреттерді аяқтайық», «Шөлдеу», «Көбелек», «Барлығы қанша?», «Ауызша вoleyбол», «Достық неге қымбат?» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан «Күншуақ» тобынан Йиарсек Керн тесті арқылы балалардың мектепке дайындығын анықтау жұмысы жүргізілді. «Күншуақ» тобына «Суреттер туралы әңгіме», «Бұл қай кезде болады?», «Үлкен және кіші», «Жоқ жануар» тақырыптарында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Педагогтардан «Сіз кімсіз?» (тест), Ата-аналардан «Біз қандай ата-анамыз?», Балабақша қызметкерлерінен «Сіз қандайсыз?» (Британиялық психологиялық тест) тақырыптарында сауалнама тест алынды. Түзету дамыту бағыты бойынша «Күншуақ», «Еркетай» осы аталған топтарға «Бір қолмен сызып шық» ойыны, «Шашу» жаттығуы, «Жыл мезгілдері», «Суреттер бойынша сұрақтар» тақырыптарында балаларға ой-өрісті дамытуға арналған ойындар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Сәуір айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог- психологы: Елшибекова Амангүл

Хаттама №90

Топтың аты: «Еркетай», «Балапан» топтары

Тексерілген күні: 02.05.2024

Әдістеме: «Сәлеметсің бе, құм!»

Мақсаты: психофизикалық қауырттықты төмендету.

Жабдық: Құмжәшік.

Ойын барысы: Психолог әр түрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әр түрлі әдістермен құмға қол тигізу. Бала:

- кезекпен қолының саусақтарымен құмға қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді ;
- жеңіл/ қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құмжәшікке төгеді;
- құмға бар алақанымен- ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады;
- құмды саусақтары, алақандары арасымен уқалайды.

Соңғы жағдайда құмға кішкене ойыншықты тығып қоюға болады: «Сенімен құм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді — ...»

Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы — суық», «жағымды — жағымсыз», «тікенді, кедірлі» және т.б.

Қорытындысы:

«Еркетай» тобына Құм терапиясынан «Сәлеметсің бе, құм!» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Балаларға құммен жұмыс жасаған ұнады.

Хаттама№91

Топтың аты: «Күншуақ» тобы

Тексерілген күні:03.05.2024

Әдістеме:«Құмды жауын»

Мақсаты: бұлшық ет күшін реттеу, босаңсу.

Жабдықтар: Құм жәшік.

Ойын барысы:**Психолог:**ертегі әлемінде ерекше құм жауыны жауып және құм желі есуі мүмкін.Бұл өте жағымды.Сендер өздерің осындай жауын мен желді істеулеріңе болады. Қараңдар, бұл қалай болады. Бала жайлап, содан соң жылдам құмды өз жұмырдығынан құмжәшікке ересектердің алақанына, өз алақанына шашады. Бала көзін жауып және құмға саусақтарын ашып алақанын қояды, ересек адам қандай да бір сауасағына құм себеді, ал бала осы саусақты атайды. Содан соң олар рөлдерімен ауысады.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты. «Күншуақ» тобының белсенділігі есте сақтауы,ойлау қабілеті,қабылдауы жақсы дамыған.

Хаттама№92

Топтың аты: «Ақбөбек» тобы

Тексерілген күні:06.05.2024

Әдістеме: Мені қайтала және доп ойыны

Мақсаты:Қимылды дамыту

Нұсқауы:

Тапсырмада ересек адам берген модель бойынша қарапайым қимылдарды, қалыптарды және доппен әрекеттерді қайталауға арналған тапсырмалар бар. Жалпы моториканың даму деңгейін анықтайды.

Қорытындысы:

«Ақбөбек» тобының балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді.Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып қарапайым қимылдарды және доппен әрекеттерді қайталауға арналған тапсырмаларды жақсы орындап шықты.

Хаттама №93

Зерттеуші топ «Өркен» тобы

Зерттеу уақыты: 08.05.2024

Ойын: «Сәлем қоян» ойыны

Мақсаты: Үрей сезімімен танысу, оны ым-ишарамен, пантомимикамен көрсету.

Тренер: Сәлеметсіздер ме, балалар? Бүгін бізге қонаққа жаңа қаһарман келді. Ол сондай қорқақ, бізден жасырынып қалды. Қазір сендерге бейнелеймін, ал сендер кім екенін табындар! Қоянның қалай секіретінін, сәбізді қалай жейтінін, қолын, құлағын көрсетеді.

Балалар: Қоян, қоян

Психолог: Дұрыс таптыңдар. Жарайсыңдар! Ал, қоян неден қорқады?

Балалар: Қасқырдан, түлкіден қорқады.

Психолог: Ендеше мен қасқыр, түлкі болып көрейін. Сендер қорқақ қоян болып көріңіздер.

Балалар: Қасқырды, түлкіні көріп дірілдейді. Қорыққан, үрейленген сезімді көрсетеді.

-Жоооқ, мен неге қорқуым керек!- деп қолын беліне таянып, алға қарай бір адым басып, Мен қасқырдан қорықпаймын! Мен түлкіден қорықпаймын! – деп батылданады.

Психолог: Ойыйййй жарайсың қоянжан. Сен өте мықты қоян екенсің ғой.

Ендеше «**Қоян**» жаттығуы жаттығуын жасайық.

Қоян-қоян- балалар қоянның отырғанын көрсетіп секіреді.

Кішкентай қоян-қолын еденнен қашықтау көрсетіп жүресінен отырады.

Ұзын құлақ- балалар қолдарымен құлақты көрсетеді.

Жылдам аяқ-Жүгіреміз

Қоян-қоян қимыл қайталанады.

Кішкентай қоян Сыбырдан қорқасың,

Балалар қолдарын бүрістіріп, үрейді бейнелейді.

Қоян-қоян- дірілдейді.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Сәлем Қоян» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың ойлау қабілеті жақсы дамыған.

Хаттама №94

Топтың аты: «Еркетай», «Балапан» топтары

Тексерілген күні: 10.05.2024

Әдістеме: «Құмды жел»

Мақсаты: дем алу –дем шығаруды қалыптастыру.

Жабдықтар: Құмжәшік, коктейль үшін түтікше.

Ойын барысы: Сәбилер оған құмды тартпай, түтікше арқылы демалуға үйренеді. Балаларға алдымен өз достарына жағымды тілектер айтуын ұсынуға болады, «оны құмға үрлеп » құм әлеміне тілек сыйлау, сонымен бірге құм үстінде шұңқырды пайда болғанша үрлеу. Осы ойындарға коктейльге арналған бір рет пайдаланатын түтікшелерді қолдануға болады.

Осы жаттығуларды хош иіс терапиясымен құрамдастыруға болады (бірақ хош иіс терапиясын осы бағытта арнайы дайындықтан өткен психологтар пайдалануға құқығы бар). Бала өзіне арнайы таңдалған хош иіс қоспасы (сергітетін немесе босаңсытатын) иісімен дем алады. Бала демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеуде.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы араласты. Ерте жас тобына демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеудіде үйренді.

Хаттама №95

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 15.05.2024

Балалар саны: 26

Ойын: «Түске қолынды соз» ойыны

Мақсаты: Зейінді дамытып, эмоциялық қалыпты жақсарту.

Психолог: Өртүрлі үрленген шарларды біріктіріп балалардан түстерін сұрайды.

Балалар: Қызыл түсті шар, Көк түсті шар, Сары түсті шар, Жасыл түсті шар. Балалар шарлардың түстерін атап береді.

Психолог: Балалар қарандаршы, қандай әдемі түстер. Түрлі түсті шарлар керемет көңіл күй сыйлайды екен.

Ендеше балалар «Сабын көпіршіктері» ойынын ойнайық

Мақсаты: Топтағы біріккендікті, зейінді дамыту, эмоциялық серпінді бақылау.

Психолог: Балалар шеңбер болып, бір-біріне тығыз орналасады. Қолындағы сабын көпіршігін үрлейді. Балалар үрленген сабын көпіршіктеріне қуана қол созады. Үрленген шарларды қуалап ойнайды.

Ойын қайталанғанда, кейбір шарларды «пах» деп жарып жібереміз.

Шар, үрлен!

Үлкен болып үрлен!

Осы бетте қалып,

«Жарылма!», -деп әндетіп ойнайды.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Түске қолынды соз» ойының қызыға ойнады. Ойын

барысында балалар зейіндерін дамытып, эмоциялық қалыпты жақсартты.

Хаттама №96

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 16.05.2024

Ойын: «Поезд» ойыны

Мақсаты: Баланың бағдарлану, бірлікке жұмыс жасауына, топта көңілді орта қалыптастыруына арналған.

Психолог: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Бүгін сіздермен «Поезд» ойынын ойнаймыз. Кәне бәріміз пойызға жалғанған вагондарға мініп алып үлкен қалаларға сапар шегеміз. Ал, кәне кеттік. Вуп чик-чик, вуп чик-чик, вуп чик-чик.

2-3 рет айналып келген соң, балаларды шеңбердегі орындыққа отырғызып, сыйқырлы доп ойынын ойнаймыз.

Мен допты кімге ұсынсам, допты алған бала өз есімін айтып танысып аламыз. Барлық баламен осылай танысып шыққан соң, Рольдік гимнастика ойынын ойнаймыз.

Айнаға да қараймын,

Шашымды да тараймын.

Ерте тұрып азанда,

Мен мектепке барамын.

1. Осы шумақты айтады.

2. Өте жылдам автомат сияқты айтады

3. шетелдік тәрізді айтады

4. робот тәрізді айтады

5. сыбырлап айтады

6. өте жәй тасбақа сияқты айтады.

Психолог: Ой - й й Жарайсыңдар, балалар!

Енді балалар кәзір біз қорқақ қоян сияқты жүріп көрейікші.

Тренер көрсетеді, балалар қайталайды.

2. Қорқақ қоян, арыстан, сәби, қария сияқты жүреді.

3.Шегіртке,бақа,ешкі,маймыл тәрізді секіру

4.Тордағы құс, гүлдегі ара,атпен жүру кейпін келтіреді.

Психолог: балалар сендерге ойын ұнады ма?

Балалар: Ия,ұнады.Өте қызықты болды.

Психолог:Жарайсыңдар.Келесі кездескенше сау болыңыздар..

Қорытындысы:

Барлық балалар «Поезд»ойының қызыға ойнады.Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Хаттама №97

Топтың аты: «Еркетай», «Балапан» тобы

Тексерілген күні: 17.05.2024

Балалар саны: 26

Әдістеме: «Ерекше іздер»

Мақсаты: елес, тактикалық сезімталдықты дамыту

Жабдықтар: Құм жәшік

Ойын барысы: «Қонжықтар келе жатыр» — бала жұмырдықтарымен және алақандарымен күшпен құмға басады.

«Қояндар секіреді» — бала әр түрлі бағыттарда қоғала отырып, саусақтарының ұшымен құм үстінен соғады.

«Жыландар жорғалайды» — бала босаңсыған/ тырысқан қол саусақтарымен құм үстін толқынды етеді (әр түрлі бағытта).

«Қоңыздар - өрмекшілер жүгіруде» — бала жәндіктердің қозғалысын ұқсастырып, барлық саусақтарымен қоғалтады («қоңыздар сәлемдесуде»- құм астында бір-бірінің қолдарымен кездестіріп, қолдарын толығымен құмға салуға болады).

«Крокозябла» — балалар құмда әр түрлі іздер қалдырады, осындай із қалдырған фантастикалық хайуан үшін есім ойлап табады (соңында осы хайуанның суретін салып және құм елінің тұрғыны етуге болады).

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты. «Еркетай», «Балапан» тобының белсенділігі сезімталдығы жақсы дамыған.

Хаттама №98

Зерттеуші топ: «Күншуақ» тобы

Зерттеу уақыты: 21.05.2024

Әдістеме: «Бес санын шапалақта» ойыны

Мақсаты:

Беске дейін санап және әрекетті психологтың ұсынысы бойынша орындап үйрету.

Ойын барысы:

Ойында екеулеп және топпен ойнауға болады. Психолог балаға қарама-қарсы отырып айтады «қазір мен 5 дейін санаймын «бес» деген кезде сен бір рет шапалақтайсын».

Қорытындысы:

Балалар «Бес санына шапалақта» ойынын қызыға ойнады. Балалар 5-ке дейін санауды үйренді. Ойын барысында балалар белсенділік танытты.

Хаттама №99

Зерттеуші топ: «Өркен» тобы

Зерттеу уақыты: 22.05.2024

Әдістеме: «Кім сені шақырады, тап» ойыны

Мақсаты:

Басқа адамды дауысынан танып үйрету.

Құрал: Доп

Ойын барысы:

3 адамнан кем адам қатыспайды. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Психолог көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады-шақырған бала ортаға тұрады.

Қорытындысы:

«Өркен» тобы «Кім сені шақырады, тап» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында белсене қатысты.

Хаттама№100

Зерттеуші топ: «Өркен» тобы
Зерттеу уақыты:23.05.2024

Әдістеме:«Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты:Қарым-қатынасын дамыту

Нұсқауы:

Тақтаға бұлт басқан күннің суреті ілінеді,әр бұлтта тапсырмалар берілген.Соларды орындау барысында күннің көзі ашылады.

Қорытындысы:

«Өркен» тобына «Әрқашан күн сөнбесін!»ойыны ойнатылды.Балалар ойын барысында белсене қатысты.Балалар тақтада тұрған тапсырмаларды орындады.

Мамыр айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының мамыр айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша мамырдың 2-нен бастап «Күншуақ», «Еркетай», «Балапан» топтарына Түзету-дамытушылықтан «Сәлеметсің бе, құм!», «Құмды жауын», «Құмды жел», «Құмды жел», «Жолдар», «Ерекше іздер» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан «Күншуақ», «Еркетай», «Балапан» топтарына «Мені қайтала» және «доп ойыны», «Ойыншықтар», «Жасырынған заттар», «Жүк машинасы» тақырыптарында жұмыс жүргізілді. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Сәлем қоян», «Ұлу», «Түске қолынды соз», «Поезд», «Бес санын шапалақта», «Кім сені шақырады, тап», «Әрқашан күн сөнбесін», тақырыптарында балаларға тренинг жүргізілді. Ата-аналарға «Мен және Біз» тақырыбында тренинг жүргізілді. «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тақырыбында педагогтарға тренинг жүргізілді. Балабақша қызметкерлеріне «Көңіл-күйді көтеретін қағаз» тақырыбында ағарту жұмысы жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Мамыр айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог-психологы: Елшибекова Амангүл

